

84к237
947

Зейнолла Әкімжанов

И
31770



Жерчилик

1993 ж.

Бұл жыр жинағымды ұлым Азаматқа, қызым Асылға,
жарым Ғалияға, аяулы ата-анам Рамазан Өкімжанұлы
мен Мәдина Қостанкелдіқызына һәм Қантай Керейдің
Кобешінен тараған ұрпақтарына арнаймын!

Автор,



Л И Р И К А

1993 ж.

012

«ЖЕРҰЙЫҚ»

Өлеңдер.

121 бет .

↑

Редактор М. С. ТҰРАЛИН.

Жырларында жауқазын жұпары аңқыған, ардақ сезім мен ыстық жүрек лүпілінің шарайнасы тәрізді сырлары ақтарылған Зейнолла Әкімжанов облысымызға да, республикамызға да танылған ақын. Оның өлеңдері астанадағы белгілі газет-журналдарда жиі-жиі жарияланып жүр.

Зейнолла жазба жырмен бірге айтыскерліктің де тізгінін тең тартып, дүбірлі жыр додаларында бөйгенің бастыларын қанжығасына байлауымен аты шықты.

«Жерұйық» — ақынның алғашқы жыр жинағы болғанымен, онда Зейнолланың әр жылдарда жазған елеулі өлеңдері топтастырылған. Құрметті жыр сүйер дос, осы жинақты ақынның асқақ сырлары ақтарылған жүрек лүпілі, санқилы сезім ілкімдерінің түпқазығы деп білгейсізі!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ

031770


Оқырманға

Кернеген өлең кеудесін
Болатын еді бала ақын...
Алам деп өмір жүлдесін,
Жырлары жайған қанатын.

Алам деп өмір жүлдесін,
Сай, құзы жоқ-ты сүзбеген.
Адамнан тауып шын досын,
Жырынан үміт үзбеген.

Есейсе бала жыл санап —
Өмірге енші жосық бұл.
Жанашыр достан бір сарап
Жырлары жүрген тосып кіл.

Арада сәттер жатыр көп,
Жылжыған жылдар толғана....
Алдыңа келіп ақын боп
Сөйлейсің бүгін сол бала!



БІРІНШІ БӨЛІМ

**Атамекен, көрем сені көзімдей,
Сағынышым жырмен әман сезілгей.
Егер адам қос қанатты құс десем —
Бір қанатым, туған жерім, өзің ғой.**

Ауылым-Амангелдім

Дүниені түрлендірген, Күншуақ,
Қара түнді жеңіп желген дүрсің-ақ!
Адамдарға жаңа күнді бастайсың,
Соны лепті ілестірген бір сыр ап.

Ана қырда — асыр салған көк көлдер,
Көкжиекті қауыштырған көк пен жер,
Бір ауыл бар — менің туған мекенім.
Балдай тәтті балғын күнім өткен жер.

Өзгелерден оған бұрын арайды,
Төкші, маған ұшығы да жарайды.
Сол ауылдың әрі үйіне — баламын,
Бәрі мені өз бөбегі санайды.

Болған жақсы-ау, әр үйіне өз — бөбек
Ешкім мені айтпайды ғой «Өзге!» деп.
Балғын шағым мұңға батқан кезімде
Бәрінің де жылылығын сезген ек.

Мен оларды көрем қалай жат енді,
Қолдарымен қойған менің әкемді.
Жылы сөзбен жүрегімді жібіткен,
Жуытпаған маған қайғы-қатерді.

Тербеткенде жүрегімді бүгін ән,
Жырымменен құйылысыншы шұғылаң.
Ауылымның жүрмейін мен ығынан,
Туған жермен түгел болсын құбылам.

«Мекен екен шағын ғана, кішкене»,
деген оймен сен ірілік істеме.
Көк көліне көрік болып оралсын,
Айдындарда ойнап аққу-құс төре.

Іркіп қалмай арайыңның тұлпарын,
Бола көрме ауылыма тым тарын,
Бәрі туыс онда маған, ағайын,
Жүрегінің арнайтуғын іңкәрін.

Әдемісін, таңғы сәуле, сен арай,
Дүниеге жарық төккен жағалай.
Жүздерінде Күннің нұры жайнасын,
Ауылыма ақық нұр бер аямай.

Сен сыйлашы оған мөлдір, тазаны,
Осы еді ғой көңілімнің өз әні.
Әр отауда бақыт тойы шалқысын,
Бүлкілдеумен ауылымның қазаны.

Жаз да, қыс та, оны самал жел өпсін,
Ауылыма тағам қалай, не деп сын?
Жер бетінде қай қиырда жүрсем де,
Туған жерім, түбі маған керексің.

Атамекен, көрем сені көзімдей,
Сағынышым жырмен әман сезілгейі.
Егер адам қос қанатты құс десем,
Бір қанатым, туған жерім өзің ғой.

Ата жұртым, менің шағын, бұйығы,
Жүрегімнің сағынышы, сүйігі.
Мен жанымды толғандырам қашанда,
Ауылымның болмасын деп күйігі.

Бір күнімнен озып жатар бір күнім,
Толқытады жүрегімді жыр бүгін.
Сен тыңдасаң тұла бойдың сырлы үнін
Мен түбінде өзіңнің бір тұрғының.

Ата жұртым, ақ бесігім, о, менің,
Нөсер болсам — бар селімді төгерім,
Шуақ болсам — арайымды себерім,
Әр адамның бір қазығы емес пе —
Туған жері дегенің!



Қарлығаш-мекені

Өзінде аштым өмір есігін де,
Иңгөлап туып өзінде мен.
Албырт кездегі тебіренісімде,
Алғы күндерді сезінбеген...

Ұштым да артқа қарамай-ақ тым,
Көңілді аулап ой бөтен,
Қырларды кезген жалаңаяқ күн —
Қырмызы кездер қайда екен?

Қарсы алған мені гүлді ұсынбай-ақ,
Тілемес тіпті оны әркім.
Оралып келген жыл құсындай-ақ,
Төсіңе бір күн қонармын.

Еркелік емес алып ұшқаным,
Аңсаулы кейде боламын.
Алда бір тәтті сағыныш барын
Аңдатпады ғой бала күн.

Мен қазір жас та, кәрі де емеспін,
Жыр емес жазған бұл нали.
Ішінде кейде сағым-елестің
Көлбеңдеп кетер туған үй.

Уақытпен тұлпар таласамын ба —
Бұл жерде туған үй тұрған.
Алаңсыз, аңғал бала шағымда
Болған-ды маған сүйкімді ән.

Балаумен енді бәрін елеске,
Өткенді оймен шолдым мың.
Туған үй — асқақ әнім емес пе,
Бесігі сынды сол күннің.

Бойымда менің өтер тілеумен,
Сағыныш болып қалғымас бекем,
Көңілде лаулап от өршігенде
Оралам саған, Қарлығаш-мекен...

Туыстарға

Тасбауырларға егіле
Көңілдің мұңын шақпаймын.
Орталарыңда желіге
Байланған құлыншақтаймын.

Көтердіңдер ғой еңсемді
Кезімде мені жай ұрған.
Әкеден қалған ең соңғы
Тұяқ екенімді айырған.

Ешіп бір өкпем сан қырда,
Бойымда қалмай шама түк,
Аждаһа-тебет тағдырға
Қоймайсыңдар ғой талатып.

Дауылға төтеп өр кеудем,
Үйірлсе өмір бұлты кеп...
Сеземін, сенем, сендерден
Табамын түбі бір тірек.

Кірбеңсіз сыңар елі де
Көңілдің нұрын сақтаймын.
Орталарыңда желіге
Байланған құлыншақтаймын!



Отынағаш

Ұмытылған жылдар, кесудемде
Сағыныш отын жағасың.
Құс болып ұшып келгенде
Құшаққа ал, Отынағашым!

Сырылып бағзы сыр пердең,
Сезімнің бұлты аршылар.
Көбелсе құған, гүл терген,
Сәттерім әлі бар шығар?!

Кесудемде толқып сыр ғана,
Желектен алқа тағып ал.
Өткеннен қалған бір қара,
Сағынтып келіп табылар.

Өзімдей екен көктерек,
Балама ұқсас тал балғын.
Мезгілге тұр-ау өкпелеп.
Сыр бүгіп кейін қалған күн.

Шақтарды кешіп шырғалаң,
Жылдардың өтіп арасын,
Санталай келер бұл балаң —
Сау болса, Отынағашым!

Жан нұры

Туыссыз деп бетке баспас
Мені ешкім,
Ағайыннан алабөтен емеспін.
Еске салсын өткен күндер, көмескім,
Әкесіз-ақ ортасында мен өстім.

Бірі сүйді, бірі мені
Аялап,
Жарқа жанға бәрі болды сая бақ.
Кете ме деп жалғыз жүріп, саяқ-ақ.
Ақ мерейін көрсін қалай аяп-ақ.

Жоқта мейлі, жақсы жанды
Жоқтама,
Өтті өмірден абыз қарттар, өтті аға.
Жан жылуы жайсаңдардың жоғалмай
Баласына бұйырыпты тек қана.

Қайран жүрек, жылуыңа
Сенермін,
Кейінгінің мерейіне белендім,
Туыс барда төрт құбылам түгел деп,
Жаратқанның шуағына кенелдім.

Болашақтың тартып келем
Мен көшін,
Туыс барда көріп алдым оңгесін,
Сезген адам осынымды оң десін
Тірлігіңде туыстығың өлмесін!

Әкімжан ауылы

Саған деген сағыныш көп,
Ои, Атам!
Жыр жазамын, аңсауымды оятам.
Табынатын шаңырағым екенсің,
Сен екенсің мейірімді алақан.

Тіл қатамын, саған, ата,
мен — тегің,
Армандаған немереңмін, ертеңің.
Мені қойшы, сен көрмеген, атыңды,
Алып жүр ғой шөберең де — тентегің.

Әкімжанбыз — сенен өнген
Бәріміз,
Бәріміз де — кішіміз де нарымыз.
Арман жоқ-ау, ата, сенде дейміз біз
Тараған соң артта сонша қалып із.

Сен екенсің данамдағы,
Даңғылым,
Алдымыздан ашып берген таң нұрын.
Қара жердің қойнауына кіргенмен,
«Әкімжанның ауылы» боп қалды үнің.

Аға-інімді өз үйімен
Тең көрер,
Атыңды алған келіндер мен жеңгелер...
Домбыраның шегін шертіп қалсақ та
Сені ауызға ап сойлейді ғой пернелер.

Атыңды алып ару қызың,
Дырау ұл,
Әкімжан боп отыр қазір бір ауыл.
Әкімжанның тегі деген әдемі,
Өркеніңнің өскені ғой бұ да бір.

Әкімжанбыз дауылда да,
Жауында,
Әкімжанбыз қос дүниеде, қауымда.
Әкімжанның ұрпақтары — қалада,
Әкімжанның ұрпақтары — ауылда.

Орындаумен армандарды
Ойға алған,
Бұл ауылда аза менен той болған...
Сені аңсап, сағынышын оятқан —
Бір ұрпағың — ӘКІМЖАНОВ
ЗЕЙНОЛЛАҢ!

Сыңарлық сыры

Бір өкеден жалғыз тұяқ екенмін,
Бірі болып тусамдағы екеудің.
Бірін алып, бірі қалған бекердің —
Жалғыз шынар сынды құлап кетермін...

Жалғыз соқпақ,
Жалғыз бұлақ,
Бір шынар,
Бір шынардың мықтылығын нiм сынар.
Қанша жасар — құдай берген бiлсiн әл...
Құлатуға талай құлар құлшынар!

Жанарыма батқан
Күн мен түнді ілмей,
Тілегем-қой
Таңым атып, Күн күлгей!
Бір — көлеңке, бірде туып — бір күнгей,
Қиындықты жүр ағайын білдірмей.

Жанарына
Телміртпеген өзгенің,
Мені сүйген туыстан ғой, сезгенім.
Жалғыз атты жолаушы боп қалмауға
Ара түсіп жүр екенің өздерің.

О, туыстар,
О, жүрегім,
О, жаным!
Гүлдеуімнен алыс тұрсын тозарым.
Көрсетпеңдер дүниенің тозаңын,
Естіртпеңдер ащы зарын азаның,
Мына әлемде сендер барда менің де
Таусылмайды бақытым мен базарым!



Тау ағалар

Тас аунатып,
тынбайтын тентек үні,
Сотқар бұлақ, сорақы еркелігі.
Соның бәрін маңғаз тау көтерді,
Көтереді маңғаз тау көнтерілі.

Тентектерге
тән ғой бұл тосын қылық,
Еркінсиді таулардың төсін де ұрып.
Сылқылдайды, ал кейде солқылдайды,
Шаттанғандай болады сосын күліп.

Ағып қана
кетер ме жыраққа еппен,
Жосылады жойқын күш құлап көктен.
Соның бәрін маңғаз тау елемейді,
Елемейді, егесқой бұлақ деп не ең.

Елемейді,
Асқақтап шыңнан шыңға,
Аспандағы ақ бұлтты қылған сырға.
Маңғаздығы бойына жарасқан бұл,
Заңғар тауда таң болам тұнған сырға.

Тау мен бұлақ
ғажайып дала сәні,
Қандай көрік, керемет тамаша әрі.
Бір сабыр мен бір тентек табиғаттың,
Қойнында қауышып жарасады.

Болар ма екен
өмірде жай ұқпаған,
Табиғат пен адамды лайықтаған,
Бұлақ сынды сотқарлау інілер бар,
Тау дегенің — байсалды, байыпты ағаң.

Табиғаттың
еркіндеу тентек ұлы,
Інілердің қалмайды-ау еркелігі.
Соның бәрін сабырмен көтеретін,
Тау — ағалар, айналдым, көнтерілі.

Ерке болсам
бұлақтан аумағаным,
Туған жердің төсінде ауағаным,
Ертең мен де тентекті тепсінбейтін,
Өздеріңдей маңқиған тау боламын.

Ауылымның қарттары

Көңіл — кенен, қиял — көп, арманы — бай,
Арттарында ақық сөз қалған ұдай,
Кеукілдесіп қалатын амандассам —
Азайып барасыңдар, шалдарым-ай!

Ақ тілегін жаным арай көрем,
Алғысымды өткенге қалай берем?!
Бір шал болды әкеммен құрдас менің
Ауылымда, ардақты Орай деген.

Осы қартты әкеммен құрдас дейін,
Бәлкім кіші шығар да бір жас кейін.
Жақсылығы болмаса бойында оның,
Жамандықты жанымда қылмас бейім.

Жастау кезім, тимеген жүген-құрық,
Болмашыға жел болып, жүрем күліп,
Көзіне түсіп бірде сімет құрып,
Сыбағамды бергені бір оңдырып.

«Жөні барға балап ем ағайында,
Жын-сайтанның жүрсің бе маңайында?!
Рексең жоқ, орнына Рексеңнің
Иттей қылыш дәл қазір сабайын ба?!

Қуапта ма деуші едім жамағатты,
Өсе көрме адам боп жаманатты.
«Баласы Рамазанның нашар деген»
Есің болса әкеңе жамама атты!».

Сыйлаушы едім керемет бұл адамды,
Ақыл айтса — мен, тегі ұнағам ды?
Сабамай-ақ Орай қарт сол арада
Сабағандай берді ғой сыбағамды.

Жолы қисық адамдар дау қылады,
Жасық іске көңілін аудырады.
Тасып кетсе мейманаң жұрттан асып,
Қандай жақсы қарттардың баулығаны.

Көңіл — кенен, қиял — көп, арманы — бай,
Арттарында алтын сөз қалған ұдай,
Кеукілдесіп ауылда қалған екен
Үркердей бірер шоғыр шалдарым-ай!

Қарттар кетсе — көңілді мұңайтады,
Абыз жанның бейілі тыңайтады.
Шалдар деген ағатты шын айтады,
Шалдар кетсе — шындықты кім айтады?!

Ауылға хат

Нұрахметке

Қалай аға,
Ауыл-аймақ есен бе,
Ағайын мен көрші-қолаң көшеңде?
Көп болды ғой, із салмадым ауылға
Әне-міне барып қалам десем де.

Келмейсің деп
Айтып жүрсің өкпенді,
Рас, рас, келмегелі көп болды.
Ағайынның ортасында отырып,
Не жетеді еске алғанға өткенді.

Ренжідің,
Ренжуің орынды,
Көңіліме алмаймын ғой оныңды.
Құс тәрізді ұясынан безініп,
Ұмытуым жөн бе туған төрімді?!

Сәулет, дәулет,
Қызметім бар десіп,
Кейбіреулер жүр ғой солай хал кешіп.
Жүрегімнің түкпірінде — туған жер,
Жүрегімде жүреді ғой тал бесік.

Туған жермен көңілімнің
Сәні бір,
Ауылыммен өмірімнің әні бір.
Әз ауылы ескен болса танып ұл,
Өзгені де жатсынбайды бәрібір!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

**Өмірде қыс бар, көктем бар,
Өмір е келген, кеткен бар.
Көрінбей қалсам көзіңе —
Бейітіме менің тоқтаңдар,
Бәйітіңді айтып басыма
Ақ бораныңмен жоқтаңдар,
Айғағы болсын ақ таңдар,
Аспаннан жауған Ақ қарлар!**

Ана


Жылдардың орнегінде
Шашыма ақ түсіпті —
Сен оны көрмедің де!
Бәрібір сәби көрдің
Ойнаған жөргегімде.

Күн кештің зарлы, мұңды
Бақытты ете алдым ба
Аяулым, әр күніңді?
Ойласам жоқтығыңды
Сағынам бар күніңді.

Ішінде от-елестің,
Адасып, ойнақтадым,
Қуандым, қателестім.
Жан анам, парызымды
Мәңгілік өтемеспін!

Сағыныш тербетуде,
Адасқан жолды іздедім.
Мен — сенің Жер бетінде
Қалған бір жалғыз белгің!

Аңғартар бейіл бәрін,
Сен менің жырым бүгін,
Сен менің кейінгі өнім.
Анасын кем санайтын
Мен емес кей ұлдарың.
Мәңгілік басымды нем,
Өзіңе, Мейірбаным!



Көйлеңді сағындым

Кімді әрі не үшін
кінәлаймын,
Өтіп бара жатыр-ау құралай — күн.
Анамды ойлап кей шақта алаңдасам,
Саңлауынан жылдардың сығалаймын.

Не жетеді болғанға
өрісі кең,
Өрістінің көрмедім кемісін мен.
Сағынтады кейде бір алаңдатып,
Анамыздың көйлегі тері сіңген.

Мүқаммалға мәтсі
тірі адамың,
Өліп кетсе тақпассың, сірә да, мін..
Қазақта бір жаңа салт, жаңа ырым бар,
Көз жұмғанда тонайтын құлағанын.

Ажалынан өлді ме,
собалаңнан,
Әйтеуір нәрсе ырымдау жобаланған.
«Көздей көріп жүрейн.» деген сөзбен
Көзі түскен нәрсені қалап алған.

Аңсағанда көңілге
аламыз мұң,
Аяулыдан артына қалар ізгі үн.
«Көзіндей...» деп келгенге үлестіріп,
Көп дүниесін жоғалттық анамыздың.

Бөтен емес бергеннің
түсі мүлде,
Мүмкін болар оны да түсінуге.
«Көзі ғой, деп анамның...» сұрағанға
Беріп жібердім күпісін, ішігін де.

Ала білген адамның
бәрі асыл ма,
Бергендерін айтады арасында,
Тері берген, астарын салып берген..
Алыш жатыр ескісін, жаңасын да.

Сыйлаған көңіл шіркін
арманда әлі,

Болмасыншы тек соның жалғандары.
Мәлісі де, мәсісі, кәбісі де —
Астты әркімнің қолында қалғандары.


Болмады ма, болды ма арашашы,
«Көздей көру» — салттың бір тамашасы.
Қолды болып кетіпті бөстегі де
Қолды бола жаздапты алашасы.

Анам менің бас иіп аттанысқа,
Лайықтаумен жанын тек жатты алысқа...
«Көзі болсын!» дегеннің қолын қақпай,
Үлестіру жоғарттық, мақтаным па?!

Саңылауынан күндердің сығалаймын,
Жылдарымды жымқырды құралай — күн.
«Көзі болсын анамның!» шыныменен,
Бертәнімді қайтадан сұрамаймын.

Көрмейінші қазақтың кеңдігін — мін,
Бір белгісі шығар бұл елдігімнің,
«Көзі болсын анамның» деп жүргенде
Өзім көзсіз қалыпшын — енді білдім.

Отауымның — ордамның төрі сынды ең,
Өзің жоқсың — бейне бір өрісім кем.
Көп нәрсеңнен көз қылып беріп қойған
Көйлегіңді сағынам терің сіңген.



Анашым

«Шашыма ақ кірді ме,
Ағарды ма,
Кәріліктен келген бір хабар бұл, ә?!»
деуші едің жыл өткенде мұңаюмен,
Аңғарылып уақытқа тағар кінә.

Жас жетпесе несіне
налыр едің,
Азайып барады ғой кәрілерің.
Науқасыңды сен ғана көтересің,
Сырқатыңа дәрменсіз дәрігерің.

Ой анам, жан тіреуім,
данагөйім,
Сен екен шын мейірге ғана бейім.
Жүрегінде жайнаған махаббат-гүл,
Бар әлемде алдымен ана дейін.

Сәбиі үшін тәрк етіп
бар ырысын,
Өзі өлсе де баласы қалуы үшін,
Шеккен өмір азабын қайран қуат,
Сен барша тәңірлердің тәңірісің.

Азабың көп еткізер
кімді де елең,
Шер тарқатсаң мұңыңды білдірер ең.
Өзің өткен өмірдің соқпағындай
Ажарыңды әжімдер тілгілеген.

Сен айтасың көрмеген
шаттығыңды,
Сен айтасың жетпеген тәтті күнді,
Сен айтасың өмірдің көктемінде.
Ертерек солып кеткен ақ гүліңді.

Жүрегімді жейді ғой
бәрі менің,

Таусылмаса деп тілеймін әлі демің.
Науқасыңды көтеріп жатырсың сен,
Дәрменсіз болсадағы дәрігерің.

Бір азапқа бір қайғы
жамылды да,
Ақтық үміт мәңгіге жоғалды ма?
Көп қой сенде өмірге өкінішің,
Көп қой сенде тағдырға тағар кінә.

Төз дегенсің өмірдің
аптабына,
Төз дегенсің өмірдің ақпанына.
Артыңа жылаушы етіп мені туған,
Тағдырыңа, анашым, тақпа кінә.

Қайтем енді қалмаса
басқа амалым,
Бұза алмаймын сырқаттың тас
қамалым.

Айтпаушы ма ед: «Жақсыдан қалған
тұяқ —
артыңда аман болсын еске аларың».

Бауырым

ӘПКЕМ ҒАЙНИ-ЖАМАЛҒА

Әзің жоқсың қалды ізің,
Бауырыңда сызың бар.
Мандайдағы жалғызың
Жетім желдей ызыңдар.
Жалғызыңның әр-жүзін,
Жымысқы мұң шыжымдар

Ерден қашса қазанат,
Ене алмайды дырдуға.
Жоқ күніңді азалап,
Көздің жасын жудым да.
Қара нардай азамат,
Қайыспай ма бұл мұңға?!

Кір түскенде көңілге,
Көз жасыммен жуа алғам.
Оранғанша көбінге,
Ұмытып мен жүре алман.
Саған келген өлімге
Жандар да бар қуанған.

Адам өлмес ажалсыз
Тура келмей, тепкіден.
Опат болдың амалсыз,
Апат жетіп, кетті дем.
Қуанғандар — ол арсыз,
Мұқатқаны деп білем.

Жұлынғандай жүрегім,
Кеміткенде басқалар.
Сен емес пе ең біреуі
Болсақ егер қос жанар.
Өшкендейді-сыңары,
Өмірімнің мәңгілік
Сөнгеңдейді-шырағы.

Бір ананың құлыны,
Бір атаның құлыны,
Анамыздың шашының
Қосақталған бұрымы,
Сыңарына батпас па
Сыңарының шығыны.

Түн баласы толғанып,
Ойға жүзің келгенде,
Қос қанатты қомданып,
Оқталамын сермеуге.
Қиылғанын бір қанат
Сезем жасым сырғанап,
Жоқтығыңа сенгенде,
Болғанымда шерменде,
Үміт сөнбей кеудемде,
Жүргендейсің бір дарақ
Оралатын серуенде.

Сүмбіледе сағымы,
Сарғайғанда сенгейсің,
Түсімде һәм табылып,
Тұман іші көлбейсің.
«Суық жерді жамылғын,
жатырмын ғой мені» дейсің.
О, лағнет, сесті өлім,
Болар ма екен ошкенең,
Жанар ма екен ошкеним?
Бүгілместі бүктеген,
Бір ананың қос төлін
Сыңарлап бір жіктеген,
Иілместі игізген,
Тәніне таяқ тигізген,
Балдырғанын — өскенін
Басқаларға сүйгізген,
Жанына қайғы, салған мұң,
Қаралы болсын фәниде
Сені жұлып алған күн!

Әсемге

Кеше сен
Тағы менің түсіме ендің,
Бәлкі сен түсіме ену үшін өлдің?!
Тірлік деген таусылмас сағыныш қой,
Сағыныш болмаса оны түсінер кім?
Жүректе ыстық сезім,
Маздағасын,
Аялап өтер адам өз баласын.
Өлі де көз алдымнан кетпейсің сен —
мәңгілік сәби кейпің, көзқарасың.
Дуған сөз тербетем деп
Өмір гүлін,
Өшірмедім жанымның көңілді үнін.
Гүлім менің,
Үзіліп кеткеніңде
Сен маған қайғы болдың, көгілдірім!
Тас зират,
Мекен болып қиыр мына,
Саған, балам, сол тағдыр бұйырды да!
мен қандым көзден жаслы төгуменен
Өзіңсің өтер жолды шиыр қыла.
Десем де «Өтер уақыт,
Елемеймін!»
қамығып, құлазымын неге кей күн?
Сені ойласам тасты ұрып,
Талқан болып,
Қайраңға шығыш қалған кемедеймін.
Көңілім қайғылы күй
Шертеді бір,
Сен едің думандатқан ерке дүбір.
Тағдырдың жазғанына амал бар ма —
Мәңгілік сәби болдың келте ғұмыр.
Сен мені мазалама,
Ая балам,
Сүйгенмін тірлігіңде, аялағам.
Екі тағдыр бұйырған екеумізге,
Мен сені ол тағдырдан қалай алам?!
Өмірдің сан жолдарын
Тозаң қыла,
Тірлік кешсем келмеші көз алдыма.
Маған тағдыр бұйырған өз алдыма.
Саған тағдыр бұйырған өз алдыңа.
Бұл күйді кешпегендер
Түсінер ме,
(Табылар түсінбейтін кісілер де!).
Мен сені ұмытуым керек, балам,
Сол үшін енді менің түсіме еңбе!

Мамыр-гүл


Әсемге

Сен менің түсіме енбе,
Енбе енді,
Білмедім түске енумен емдегенді.
Жүрек бөтен саған да мендегі енді.
Жоқсың, балам, қалдырдым сенде мемді!

Жарқ еттің, сен
Көзімнің ұшы, демде,
Жоқсың енді — мен соны түсінем де.
Мені тоссаң ұзақ тос, сағына тос,
Ал әзірге өтінем, түсіме енбе!

Күйім бар ма, күйзелмей,
Өлеңдетер,
Мұңның уы кімді де шегендетер.
Өтсін жылдар мен сені ұмыта алман,
Ойласам — «Уақыт - емші» деген бекер!

!Өзіңді анамменен қауыштырдым,
Қатар ғып мәңгілікке табыстырдым.
Сен менің түсіме енбе, ая, балам,
Мен басқа дүниедемін,
Алыс тұрмың!



Сағыныш

ӘСЕМГЕ

Оралмасыңды біліп не ем,
Жолаушы едің жай кеткен.
Оралар деген үмітпен,
Ұзатып салғам әйнектен.

Өрекпімейтін шағым бір,
Өкінем енді деппін бе?
Мәпелеп жүрген Мамыр-гүл,
Мәңгілік солып кеттің бе?

Мен қалдым таң боп бәрінс,
Өткердің өмір тілбегін.
Оянып таңғы сәріде,
Ойменен сені іздедім.

Жоғалттым жылдап, айлап та,
Жанардан жасты селдеттім,
Ғайып боп ұшып аулаққа,
Көз таса болып сен кеттің.

Көз салғам саған нұрлана,
Гүлдәурен тәтті үмітпен..
Қуаныш деген бір ғана.
Екенін сәттік біліп не ем.

Шалқарын көздің шайқадым,
Ғайып боп күнім нұрлы еткен.
Жүрекке ертең не айтамшы,
Жылуын төксе гүл-көктем.

Қырлардың желең төсінде,
Желкілдер едің арман-ай..
Жылдардың көлеңкесінде,
Көңілден өшіп қалмағай.

Оянсам таңда құс үнмен,
Ойымда жүрші Мамыр-гүл,
Жадымда сақтау үшін мен,
Алаңдат, іздет, сағындыр!

Әкелердің әні

Әділханға

«Еңбектеп ендім өмірге
Шалқалап әкем шықты үйден».
Қасым АМАНЖОЛОВ.

Халық білген тегінде,
Тереңінде ғасырдың:
«Тот басатын темірден,
Сынығы артық асылдың!».

Өткен күнге өзім де,
Таға алмаймын жоқтан міні.
Мен де асылдың кезінде,
Бір сынығы боп қалдым.

Қайғы неткен қатерлі,
Көзден жасты селдетпек.
Шалқалаған әкемді,
Шығарғанда еңбектеп.

Тағдырыма өкпені,
Тағу болар әбес тым.
Адамның гүл — еккені,
Аясында мен өстім.

Мезгіл алға асырған,
Жылдар өтті күрсінгіл.
Қалған бір кез асылдан,
Бола алдым ба бір сынық?

Іздеп өмір жылғасын,
Адамдықтың шаш дәнін.
Азаматтың тұлғасын,
Көзімен көр басқаның.

Жан болыпты ары бар,
Маған үлгі сол мүсін.

Адамдықпен танылар,
Тұла бойың, болмысың.
Қайғы неткен қатерлі,
Көзден жасты селдетпек.
Шалқалаған әкеңді,
Сен де ұзаттың еңбектеп.
Парасатын сезіндім,
Ардақтыға баладым.
Сен де өзіңнің кезіңнің,
Сынығысың, қарағым.
Көз жабыңа көмілме,
Көз жасыңды жасырғын.
Жоғалмасын өмірде,
Сынықтары асылдың.
Болашағы өлестеп,
Аяқталмай қалды өні.
Соны көрек емес пе,
Ұрпағының жалғауы.
Тоңып, мейлі, шөлдейік.
Бойға жігер дарысын.
Мына біздер өлмейік,
Әкелердің өні үшін.

Ана мен сәби

Әділханға

Бала еді
желбіреген тұлымшағы,
Анасының аялар құлыншағы.
Тәй-тәй басып кеткелі он шақты жыл,
Бал-бұл жайнап жүретін бүгін шағы.

Бал құшағын
кім қияр анасының,
Гүл дәуреннің тапқан соң жарасымын?
Сонда еді ғой ғаламда бар асылың,
Жат еді оған қайғы шер, нала сұмың.

Өмір-жылдар,
кім білген ұзақтығын,
Кеңіліне салмаса сызат-жүгін.
Ата-анасы сағымдай ұшып кеткен,
Ата-анасы қалған-ды ұзап бүгін.

Әке де өтті
өмірден, ана да өтті,
Болып қалды бейкүнә бала дертті,
Тағдыр қалай сәбиге салады өртті?
Кеше келген запыран қайғы болып,
Оның қамсыз күндерін ала кетті.

Қайран, қандай
сәбидің болашағы,
Қайда қалған алаңсыз бала шағы?
Ойына да келмеген біреулер кеп,
Ойынына бүгінде таласады.

Кеше еді ғой —
қайғыға бермес ырық,
Қалыпты ғой бүгінде демде сынып.
Онда енді ана да, әке де жоқ,
Бауырдың да тірліп келмесі нық.

Нали ма екен,
соларға — жоққа мына,
Бас не ме жанашыр тоқтамына...
Болашағы нұрлы ма кім біледі,
Әлде тағы налага ноқталы ма?

Анасы айтқан:
«Анашым, деші күнім,
Ер жеткейсің есейіп, өсіп ұлым,
Тасбауырын тағдырдың көрмеші сен,
Жетімдер сығалайтын есігінің»,

Біреу айтар
оларды: «Жанып өтті»,
Біреу айтар: «Ел-жұртын қарық етті,
Тірі болса көгертіп талай қырды,
Марқайтатын еді ғой әлі көпті...».

Құмар ету
ата-ана жақсы атына,
Жұбату ма, әлде жай мақсаты ма?
Естігенде тал бойы дауыл болып,
Көңіл-көзге қалады жас та тұна.

Аналыға
ол әлі қызығар-ды,
Қызығар-ды,
көңілі бұзылар-ды.
Сәби-жүрек кішкене болғанымен,
Онда үлкен қайғының ізі қалды.

«Көрінсе ғой
көзіме бір күн ана...»
деумен күнді өткізіп жүрді бала...
Өмір сенен, сұарым мәңгілікке,
Мандайынан сәбидің ұрғылама!



Желе, жерге тапсырдым

Октябрьге

О, қыршын жас,
Жас қыршын,
Сені өлтірген жауызды
Тағдыр тас боп басқа ұрсын!
Тасбауырдың көзіне
Жас алдырған дәстүрсің.
Тұма, тәтті күндерді
Алыс қылған, жас елім.
Үміт пенен күдікті
Алыстырған рас елім.
Он екіде бір гүлі
Ашылмаған әсемім.

Ішкені тоқ, жеген мас,
Той дейтіндей емес бұл.
Кектепсең де кек алмас
Ызаменен егес бұл.
Уа, ағайын, күрсіндің,
Еңіреткен бұл өлім.
Көзін жұмған қыршынның
Кегі кеткен бұл өлім.
Ажал сынды бір сұмның
Оғы да өткен бұл өлім.
Бұл өлімді рас қылған
Желіп өткен міне Ерің.
Қақса — жұқа тесілер,
Қаға берме, сұм ажал.
Апасына есіл ер
Артып кеткен мына зар.
Мен де жасты төгіпшің,
Анығым да бұл шыным.
Сыздағанын келіп мұң,
Сезбей жатыр қыршыным.

Құрыш әке сүлдесі,
Құрыш ана сүлдесі,
Көз алдында көсіліп
Көбеген ұл мүрдесі.
Оның енді түн-түнек,
Мәңгілікке жеткен досы.
Бұйырмайтын енді оған
Мына өмірдің жүлдесі,
Бірдей оған ол жақта
Білері мен білмесі.
Оған енді Күн де осы,
Оған енді Түн де осы,
Бақилық боп кеткен соң
Түнек қана — тілдесі.
Аял енді бізге де
Нерді басып жүрмесі.
Қажет емес енді оған
Үлдесі мен бүлдесі,
О дүниеге кеткен соң
Өмірінің бұл көші.
Қамалаған көп қабір,
Бұдан жаңа жоқ қабір.
Ұшып өткен оқ па бір,
Жанбай сөнген от па бір,
Аулақ ұшып кеткендей
Он сегізге тоқтап Ұл.
Жасты сыққан жанарға
Бұл жалғанда жоқ дамыл.
Мезгіл-уақыт желдері,
Қыршыныңды жоқта бір.
Ай артынан ай өтіп,
Өксіп-өксіп, соқ дауыл.
Есіл ердің басына
Дабылыңды тоқтап ұр.
Зар үндерді іліп ап
Өкпек желдер, төк дабыл.
Ұмыт қалса көңілден
Сен жадында сақта бір,
Он сегізде қыршынның
Аты еді ғой ОКТЯБРЬ!

Ажал ай

ЖЕЛТОҚСАН ҚҰРБАНДАРЫҢА

Тағалы тұлпар құлаған,
Көңілім — қайғы, бүгін зар.
Алашым, Алқакөл — Сұламаң
Жұтқаннан асыл кімім бар?!

Туырлықты үйім — бүгін тұл,
Жанды езген мұңым жүз батпан.
Айдын-дарияңа, шыңылтыр,
Шілдеде қалың мұз қатқан.

Арынды арғымақты ақсатқан,
Жазықсыздарды жалмаған,
Аман-есен сол қақ-соқтан,
Алаштың жаны қалмаған.

Қазағым, көрместей бұл күніңді,
Таләйлар талықсып, қан жұтқан.
Оралған Ақтабан — Шұбырынды,
Бас сауға іздетіп, қаңғыртқан.

Алашқа кәрін төгетін
Ажалдың сесті сұрынан,
Көкбасар арлан төбетің,
Көк бөріше көкке ұлыған,

Таймайтын тұлпар да сүрінген,
Аспанда найжағай ойнаған,
Өз төлі жат болып, түңілген
Аруана ботасын шайнаған.

Еменнің иліп сынарын
Көрсеткен сол бір зіл-батпан,
Ұлытауымның ұларын
Азан да қазан шулатқан,

Зеңгі-баба төлін аспанға —
Мөңіреткен оңаз, залым күн.
Алаштың туын алар жастарға
Азасын айтқызған зарымның.

Қазағым аптығып, қамалып,
Қамыққан есін жия алмай,
Кішкентай ғана Самалық,
Құзғынның топшысын қия алмай,

Торғайға қорлық — тұрымтайдан,
Өрт болып жанған іштен мұң.
Ата жүзінен нұры тайған,
Азаның уын ішкен күн,
Сүйегіне сызат түскен күн,

Жас боздақтарды азалап,
Кейуаналарды еңіреткен.
Қара — нар қайратты азамат
Қайғыдан шөгіп белі кеткен.

Құзғынды төрге шығарып,
Доңызға табақ тартылған,
Арғымақ мойынға түскен бұғалық,
Айырып кеткен мәрт ұлдан.

Қалмассың енді еленбей,
Кетсе де қанша өмір өтіп.
Кәрілі Желтоқсан, сен ең ғой,
Алашты кеткен еңіретіп.

Шаңырақты жауып түндікпен,
Атар таңды аңсап көрердей.
Жанған отыма су бүріккен,
Сұмдықтың айы сен ең ғой.

Имансыз өлген сан құрбан,
Бауырға дерт боп шемендей,
Бойымызға қайғы салдырған
Тажалдың айы сен ең ғой.

Құзғынды келтірер тәубаға,
Жігер өлмесін әркімде.
Боздақтарыңды ойла да,
Алақан жайып «Әумни!» де.

Мен саған бұлай мін тақсам
Көңілімді дерсің азалы-ай!
Ақыр — замандай, Желтоқсан,
Атағың сенің — АЖАЛ АИ...

Шыңдағы шынар

Қайрат Рысқұлбекәвке

Хас батырға, Қайрат інім, сай тұлғаң,
Жанымды езде ақтық сөзің айтылған.
Тәңті болып бүгін Алаш баласы
Өзің жайлы ақ жүректен айтуда ән.

Сол өлеңім болды менің шерлі өлең,
Қайғы-шыңға қос қанатын сермеген.
Нағыз қазақ сен екенсің тайсалмас,
Ерлігіңді әкімдерге бермеген.

Қайырылғанда сенің қыршын қанатың,
Пана болмай қала берді сан әкім.
Қара басын күйттеп жүрген сорлылар
Қашып тынды төнген кезде қара түн.

Кейбіреулер бықсық өмір қешіпті,
Сені өлтіріп, қызметі өсіпті.
«Нашақор!» деп, «Маскүнем» деп айыптап,
Жан қалтаңа салып қойған есірткі.

Осы екен ғой өмірдің шын азабы,
Сөлар саған солай үкім жазады.
Үйіп-төгіп бергендердің жазаны
Арасында көп екен-ау қазағы.

Сені байлап, матап берген кешегі,
Өзіміздің қазақ сорлы деседі.
Сырлы аяқтан отыр бүгін бал ішін,
Хан сарайы, жайлы, мамық төсегі.

Бұғып қалған, бұғып жүрген ездерің,
Олжа қылған батырлығын өзгенің,
Олар үшін қызметінен қымбат жоқ,
Аман сақтап қалса болды өздерін.

Енді, Қайрат, жолықпайсың бірімен,
Жиренеміз жансыз, пасық түрінен.

Ақиқатты айтқан адам оңалмай,
КГБ-ның зынданында шіріген.

Слар үшін табап асты жарайды,
Слар үшін ұлтымыз жоқ арайлы.
Балалардың тасасында кей бастық
Саусағының арасынан қарайды.

Көбі соның арамызда шығар-ақ,
Анасынан арамзальық сыбаға ап.
Адам емес, аяқ асты құмалақ,
Еас сауғалап күнін кешкен сығалап.

Саған келте бұйырғанмен ғұмырың,
Сен ұқтырдың — сорлы қайсы, ұлы кім,
Сен ұқтырдың ұлттың ұлы ұғымын.
Мойынында — кісенің мен құрығың.

Сен басыңды тек анада ніпсің,
Алашыңа ғұмырыңды қиыпсың,
Кеудесіне күлше піскен қазақтың
Бәрінен де жалғыз өзің биіксің!



Қанды дастан

Желтоқсан екен кәрлі айың,
Жүректен жырды арнайың.
Жанымды езер сарыуайым
Желтоқсан келсе әрдайым.

Жалбауыр бұлттар аспанды
Алады торлап тамұқ қып.
Желтоқсан жайлы дастанды,
Жазайын енді, жарықтың.

Қазақты салып табанға,
Жасағы жеткен табанда.
Қанжоса қылған алаңды
Қаймана мына заманда.

Жеткенде жасақ-басқыншың,
Жер жұтып кетті жас қыршың.
Шындықты салу табанға —
Ежелгі біздің дәстүрсің.

Шыға да қалса кім қарсы,
Түскен соң құрық бұлтарыңы.
Сойылын соғып өзгенің
Қазақ та болған итаршы.

Болмайды бұл жәйт еш ұмыт,
Біреулер шыққан есіріп.
Қызметін алған өсіріп
Кейіннің бүгін төсі — нық.

«Қазақтар шықты алаңға!» —
Тарады сондай хабар да.
Жасанып шықты орыстар
Жастарға ойран саларға.

«Алаңға енді келсе кім,
Таба алмай қалар бөлшегін!».

Осы бір жауыз ұранмен
Сайлаған темір-терсегін.

Әділдік қазақ таңдаса,
Табанда енді қалмаса,
Алаңға келген адамды
Қылуға әзір қан-жоса.

Жадымнан өлі қалмаған,
Шындыққа шөлім қанбаған,
Сарыуайым болып сарнаған,
Желтоқсан айы. Қанды алаң!

Желіккен әскер, жасағы,
Қырғынды қанды жасады.
Мауыққан маңғаз мысықтай
Мейманалары тасады.

Уақыт сынды безбенді,
Өлтіре алмасын сезгем-ді,
Тбилисиге де кез келді,
Алматы оған сөз берді.

Желтоқсан — бізде, бұл — сәуір,
Мерт болды ару, асау ұл.
Алаңға шыққан адамды
Қырды да салды жасауыл.

Желтоқсан, сәуір алмаса,
Ойымды кезді жалғаса.
Ақиқат бізде — далбаса,
Ақиқат бізде — қан-жоса.

Сескенемдағы осыдан,
Желтоқсан келсе — шошпынам.
Қырғынды көрем көз алды,
Тұншығамын да тосылам.

«Сөніп те қалар жанар деп,
Қаныма біреу қанар деп.
Жасауыл келер бір күні,
Жаңымды сосын алар!» деп.

Керзі етіктер

Қазағымды қойғаны ғой шерлі етіп,
Көңілімде қайғы, мұңды тербетіп.
Сұрамастан, именбестен төрге өтіп,
Тапырақтап ойрандаған керзі етік.

Көз алдында әрбір сәті, әр күні,
Қазағымның дидарында бар мұңы.
Сол алаңға шыққаны ғой бар міні,
Жендеттерге жем боларда қарғылы.

Табанға сап қыршындарды табалап,
Төбет-жендет жетіп келген абалап.
Бас сауғалап қашқандарды сағалап,
Қуып жүріп өлтіргені обал-ақ!

Бейбақ қазақ, атқан күнің қараң да,
Қарсы тұрар шараң бар ма амалға.
Қанша сорлы түсіп қалып табанға,
Мәйіт болып қала берді алаңда.

Жастарым ай, қайратты да жігерлі,
Түзеймін деп ойладың ба бұл елді?
Түзеймін деп ойлағанға бұл елді
Керзі етікті жендеттерді жіберді.

Түзеймін деп ойлағандар бұл елді,
Білгені жөн қандай болар құны енді.
Керзі етікті жендеттері бар елдің
Ақиқаты басын бұғып жүрер-ді!



Аруларым-ай, абыройларым-ай!

...«Дидектей үш орыс жігіті жағамнан жұтқып, күшіктей суырып алды. Сосын мазақтап, боқтап, бір-екі рет ұрып, автобусқа отырғызды. Есімді жисам, иі киімімді жырттып...».

(Желтоқсан құрбаны Эльмира есімді қыздың өңгімесінен Қ. Еысқұлбекөвтың «Елменнің бір бұтағы» кітабынан алынды).

Дидары жаздай, келбеті көктем,
Жанымды ездің, ару жас.
Ақ бесігіңді тербетіп өткен
Болмас па едің қарындас?!

Қасқырлар солар қап, бүгіндегі,
Көрсеткен екен жәбірін.
Ардағың сенің пәктігіңде еді,
Қанжоса болды-ау қадірің.

Жарыңа сыйлар сол ардағыңды,
Қанжоса қылды-ау жауыздар.
Төкті де кетті солар қаныңды,
Солып та қалды-ау қауыздар,
Қариды жанды мынау ызғар.

Жарыңа сақтар сол несібеңді
Өлтірді — көзге жас алдың.
Керзі етіктердің кеудесін өнді
Кегіңді алып басар кім?

Желтоқсан айы — зындан мен түрме,
Абыройы-ойран ару жас...
Ұятын алған, қыздарды өлтірген,
Көзімде — жасым, қарындас!
Сендердей мұңлық табылмае!



Наурыз

ТОЛҒАУ

Ұлы күні Ұлыстың,
Ұмытылған жылдар-ай!
Жолмен жүрдік бұрыс тым,
Жылдар қолын бұлғамай.

Мақтамасты мақтадық,
Өшірумен бәрін де.
Татар кезде татпадық,
Наурыз-көже дәмін де.

Ұмыт Солды нұрлы әні,
Суалды өзен жылғадай.
Жусан несі, қыр дәмі,
Сол Наурызда тұрғаны-ай.

Мен — даланың ұлымын
Бойда тулар күш-ағын,
Айналайын, Ұлы күн,
Қандай ыстық құшағың!

Жоғалтқандай жалғзып,
Жойған халық асылын.
Айналайын, Наурызым,
Сен екенсің ғашығым.

Сөйлер шақта үндемей,
Енді халық қалмас та.
Наурыз сынды күн-мерей,
Қайта айналды жалғасқа.

Салтанат боп бүгінде,
Қуаныш боп жаққын от.
Масайра да күлімде,
Шаттық тілеп, бақ тілеп.

Өкпе артпайық өткенге,
Жалғассыншы жалынды із,
Татайықшы көктемде,
Наурыз-көже дәмін біз.

Бейбіт күнді кешіп бір,
Болайықшы кенен де ер.
Шырқалсыншы бесік-жыр,
Қанат қақсын өлеңдер.

Жазайыншы жылнама,
Атсын, Наурыз нұр-таңың.

Бесік толып іңгәға,
Туа берсін ұрпағым.

Наурыз-шуақ мейір боп,
Айырмасын несіптен.
Қайғы мен мұң кейіндеп,
Шыға берсін есіктен.

Наурыз-таңға төр арнай,
Болсын мезгіл өзгерген:
Қырсық, кесел оралмай,
Ғайып болсын көздерден.

Наурыз күлген сәтте бір,
Жастар сырын ақтарсын.
Кәрі-құртаң ақ көңіл,
Баяғыдай баптансын.

Барша болып бір түтін,
Бақастықты көзге ілмей.
Ит басына іркітің
Төгілетін мезгілдей.

Бақыт торлап реңін,
Қиындыққа ұрынбай,
Жайнай берсін бұл елім,
Бір атаның ұлындай!

Ұлы күнім, О, Ұлым,
Қуаныштың жалға ізін.
Болсын нұрлы көңілім,
Жаса мәңгі НАУРЫЗЫМ!



Суаткөлдө

Көзіңмөн көрүп тұрсаң бүгүңгінү,
Түседі еске жастық бұлыңғыры.
Ауылдың жігіттері баладай-ақ
Қуыш жүр су ішінде бірін-бірі.

Жарасты күлкі қандай мұндайдағы,
Жырылып жұрттан ешкім тұрмайды әрі.
Шомылып, шортандайын шоршығанда
Тамаша-ау, Суаткөлдiң құм-қайрағы.

Сүңгiдi Серiк ағам, Жапар қашты,
Малтымпаз жігіт жеттi, қатарласты.
Жағажаңда жай ғама тыныс қайда,
Мұндайда сергімей жан жата алмас-ты?!

Жігіттер сүңгіместі сүңгітеді,
Ондайда момынға да тiл бітеді.
...Ыреуін ақ айдынға атты келіп,
Ол өзі су сүймейтін жігіт еді.

Әлгінi суға тығыш, «сүрiндiрiп»,
Жатқанда ара түспей, күмiлжiдiк.
Айдында ақ шабақ соп асыр салып,
Жүргендер — кеше бала, бүгiн жігіт.

Жатпадым жағжайда текке ерiне.
Мендағы қала алмадым шеткерiде,
Қайран уақыт, тек өзің кеше көргей,
Дәл қазір бала болып кеткенiме.

Уа, мезгiл, жылды жұтқан паң, ұлысың,
Болмасыншы бiздерге тарылысың.
Асығып, қарайламай зырласаң да
Өлтiрмешi адамның сағыныцын!



Қазақ тілі

Адамзатқа жарасады даралық,
Өз тілінен, өз қанынан жаралып.
Өз жүрегі кеудесінде бүлкілдеп,
Өгей емес, төл анадан нәр алып.

Туған тілім — қаны бірге, төл анам,
Өз анама қалай өгей бола алам?!
Жүрегімді отқа, оққа тосармын,
Төл анама тимесін деп зобалаң.

Жүрегім де, қаным-дағы, тілім де —
Өз жанымнан кем көрмесің ырым де.
Тісін деймін өз халқыма бір пайданы
Хауіп төнбей басына бір түбінде.

Мына жүрек, мына тілім, мына қан,
Ата-бабам мирас қылған сыйағам.
Уа, тағдыр, өмірімнен айыр да
Өз тілімнен жұрдаң қылма, сұранам!


Мына тілім, мына жүрек, мына қан,
Өзге болса — арылмайын күнәдан.
Бұл өмірге қазақ етіп жаратқан
Айналайын бабам берген мұрадан.

Мына жүрек, мына тілім, осы қан,
Іркіле ме деген оймен шошынам.
«Анасынан безген мені нәмәрт» де
Зәредей бір күнәм болса осыдан.

Мына жүрек, мына қаным, бұл тілім,
Сездірсінші өз ұлтымның бүлкілін.
Ана тілдің асыруға құрметін
Бар жігерім тапшасыншы іркілім.

Сүйе алмаспын өзге тілді, өңгені.
Болсын тіпті басқа қылыш төнгені,
Өлер болсам, қазақ болып өлейін,
Ата-бабам дәстүрімен көм мені.

Жасым болса, тамсын сенің төсіңде,
Анам үшін айналармын есілге.
Туған тілге қиянатым бар болса —
Тілім-тілім болсамдағы
Кешірме!



Көктем

Самалықтың әуенін
Самарқанда салдырған.
Уызына әуелі
Оңтұстықты қандырған.

Қыстың қаһар қырсығын,
Үзіп тастап жұлыннан,
Толқын атқан Сыр суын
Аудырмаған бұрымнан.

Айталмастан ғұрыптан,
Айналып кеп соққан шақ.
Жыланды да жылытқан
Жылы мейір ақ моншақ.

Сатарқанның лебінен
Соққан самал саумалы,
Иісі қазақ жерімен
Солтұстыққа ауғалы.

Тосып, қанша күн күтіп,
Сағынышы сүрінген,
Бұлақтарға тіл бітіп,
Қырды кезіп жүгірген.

Атқыш ойнап төсінде,
Алып қырды күлдірген.
Еңтігіп кеп Есілге
Еркелігін білдірген.

Сері желі сәлемін
«Сүйіншілеп!» берген сәт,
Көктемнің әлемін
Көңіл сүйіп көрген сәт.

Табиғаттың құтысың,
Сағынышты орта — ыстық,
Сыпырып ап күпісін,
Сайланып тұр Солтұстық.

Жолы болсын сәлемнің
Жылылықтың ардағы.
Көбесін сөк ал енді
Көк мұхитқа бардағы!

Жапырақ-өмір

Бір солдың, бір көгердің,
Сенде бар ғой келер күн.
Мен солсам — мәңгі өлермін,
Көз жасын сонда төгер кім?!

Маған төнсе мұнар күн,
Жасын төгіп жылдар кім?!
Жылда қайта көктейтін
Жапырақ-ғұмыр, құмармын.

Толғатқанда сәуір ай,
Қаулайсыңдар жамырай.
Сәби шақты аңсайтын,
Уай, алдамшы қоңл-ай!

Жыл он екі ай толғанда,
Жапырақ орны — орманда...
Қайтып келмес өмірге
Адам ғана арманда!

Күй

Күй шертілді, әуені мұң — алқоңыр,
Сол әуеннің құдіреті бар небір.
Жақсылыққа әлде мына тар ма өмір,
Домбыраның жылауы ма әлде бұл?

Бебеулейді, күй неліктен шерленер,
Ашынады, күйінеді пернелер,
Не көрсе де кесепатын Ер көрер,
Ерге кесір қылды ма екен деңделер?

Зарланады, мұң шағады күй еппен,
Қос ішекпен, пернелермен, тиекпен.
Тұла бойды дел-сал қылып, и еткен,
Күйдің зары барады өтіп сүйектен.

Зар-зар әуен жүрегіме мұң құйды,
Жанарымнан жасым төмен сырғиды...
Қырдың желі іліп алып бұл күйді,
Қою түннің құшағына сұңғиді...

Өз-аналар

ҚЫЗЫМ АСЫЛҒА

«Әжелер бізді сағынған,
Талдырып асқар иығын!».
Төлеген Айбергенов.

Бір өз-ана бұйырмады-ау өреңе,
Әжең өтіп, кейін туған немере.
Ғазиза мен Гүлзайраны сұрайсың —
Үйіндегі «жамандары» бере ме?!

Қолды сосып, сұрамастан айды ерек,
Бәрін сезіп, ұғынуға жай керек.
«Өзгелерде әже бар ғой аяулы,
Сен сұрайсың — менің әжем қайда?!» деп.

Өз анасыз тумады ғой бұл адам,
Соның бірі сен ғой әже сұраған.
Ұлы анаңды — ұлы адамды жалмаған
Сұм ажал бір арылмайды күнәдан.

Маған тағдыр жасай берген сараңдық,
Атаға да, анаға да алаң ғып.
Өз атам мен өз әжемді көрмедік —
Сағыныштың сағымына орандық.

Саған әже керек екен, ә, балам,
Әжең қайтып, тағдыр қылды-ау зобалаң.
Әже деген асылы екен әлемнің,
Әжесімен адам болған көп адам.

Еркелегің келіп жүр-ау, Асылым,
Әжең екен жаның сүйген ғашығың.
Ауылыма апарайын —
Өзгенің
Әжесіне таласып көр жасырын.

Жолға шықшы ауылыма сен ере,
Қос әжеңе сен де бала, немере!
Қорықпағын — «жамандары» бере ме —
Сені қоса сүйе алмаса — немене!



Махаббаттың баласы

— Махаббат не, ғашықтық не,
Әз — анам?
Ес білмеймін,
Естіген соң маза алам.
— Қозы — Баян, Мәлік — Жамал
Неліктен
Арылмаған азап пенен жазадан?!

Ес білмеймін,
Онда емеспін есті мен,
Әз — әкемнен ерте қалған
Сыққын емес,
Сырласым да, мұңдасым да
Әз — анам,
Әз — анамнан сұраймын да, маза алам.

Әкем де — анам,
Анам да — анам,
Сыйлы анам,
Сыйлы анамның сезіміне иланам.
Бұл фәниде жалғыз сүйеу сол ғана
Сұсты тағдыр аздап қиғау
Сый маған.

Жүрек сырын ақтарды да
Аитты анам,
Сәлкі ешбір жанға ашып
Алғашаған.
— Мүрегіңді ұғамын ғой,
Рас ұлым,
Шын ғашықтар шегер сүйо
Амашығын.
Анта алмаспын Қозы — Баян деп, енді,
Көсегеміз сыйластықпен көгерді.
Әз — әкеңнің мен деп соққан жүрегі
Жеткізерден еді-ау көкке төсемді.
Қамшы сапты келте ғұмыр кешсек те
Білмедік біз жүз шаньсу дегенді.
Бақыт кешкен, шаттық көрген
Аз күндер
Қысқа болды-ау,
Қайран бізге не берді?

Кешір, тәңір,
Кешір мені,
Жоқ, балам,
Әкең сенің жайсаң еді-ау,
Отты адам
Әпкең менен сені берді сый етіп,

Болсыншы деп әке орнын
Жоқтаған.

Тұрса тағдыр жүзі күліп,
Жолды ашып,
Шын сыйласқан, білсең, ұлым, --
Сол ғашық!
Өзің тудың Махаббаттың баласы,
Махаббатты бізбен бірге толғасып.

Жүрегі сырын ақтарды да
Айтты анам,
Ешбір жанға бәлкі ашып айтпаған.
Айтты сырын, әкем жайын
Анашым,
Оймен шолып өткен жылдар
Арасын...
Сүйе, тәңір, сүріндіре көрмегей,
Сүйгізе көр,
Махаббатың баласын!



Армысың, жаңа күн!

Қуаныш тостым мен күннен —
Шапағат тостым, бақ тостым,
Артты ма екен үмітін дәл менше осы шаққа ешкім?!
Көңілді самғау құсыңдай,
Аспалға заңғар ұшырғай,
Аңсаулы жаңа күндерім, аяулы, нұрлы, ақ кескін!

Ақ кескін менің күндерім,
Ажары қандай ақ қардың,
Келеді таңмен тілдесіп, көңілдің сырын ақтарғым.
Сүйсініп науан тұлғаңа,
Жадырап келген, Күн жаңа,
Кеудемде оты тұтанды қызулы шабыт-шоқтардың.

Жаңа Күн, сенде қауышсын
Бақытыменен барша адам,
Шуаққа шексіз бөленсін үмітін тосып шаршаған.
Орасын гүлге жер бетін
Балдырған дидар-келбетің —
Адамдар айтар ақ тілек осындай, Күнім, бар саған.

Тілеймін сенен, жаңа Күн,
Болсын деп әман көз нұрлы,
Бақыттан басқа естіртпе жүрекке суық өзге үнді.
Бозторғай - жырмен таң күліп,
Жайнасын өмір мәңгілік
Миуа таңдар арайлап меруерт заман - мезгілді.

Ажарлы екен, жаңа Күн,
Алаулы келбет, сән-нұрың,
Аңсаулы таңым атсын да бөленсін сәнге әр гүлің.
Болашағымды кестелеп,
Ақжарқын күліп өс, Бөбек,
Күндермен зерлеп ақжолтай келешегімнің тағдырын!

Қуаныш тостым мен Күннен —
шапағат, мейір, бақытын,
Адамға барша тілеумен заманның ақық-жақұтын.
Аспаның ашық көгілдір,
Гүл жайнай берсін өмір бұл,
Қалауым менің мәңгілік — Жаңа Күндерім, УАҚЫТЫМ!

Баяғының шалдары

Баяғының шалындай шалың бар ма,
Шал демеші көзіңе шалынғанға.
Басың бір бәлекетке шалынғанда
«Бар, — дейтұғын, — жаныңа шалыңды
ал да!»

Ол кіріссе шолақ іс тынатұғын,
Танытатын шалдарың қуат-үнін.
Сол шалдардан қалған ғой мына таңың,
Сол шалдардан қалған-ды мына түнің.

Айырылып қалыппыз құты бардан,
Құты барды қара жер жұтып алған.
Солар еді-ау біздерге тілек арнап,
Алақанын жаятын күтіп алдан.

Солар еді қашан да берік төрі
қырдың исі аңқыған бөріктері.
Олар барда боз дала басқаша еді,
Олар барда боз дала көрікті еді.

Аулақ еді-ау олардан күпірлігің
(күпірліктен десең де құтымды кім).
Бөлісетін қолында барыменен,
Шүкірлікке жеңдіріп қу тірлігін.

Болатұғын солардың шал аты анық,
Абыз болып, ақыл болып жаратылып.
Ақыл айтса төрінде дара отырып,
Болушы еді-ау таң сұлу, дала тымық...

Ал бүгінде жанымда шалым қалмай,
Мына замақ қарасын жамылғандай.
Қазіргі тебетейлі, тақиялың
Жанарында солардай жалын жапбай,
Қу тірліктің қамымен тарылғандай.

Сол шалдарым, жаным-ау, қайда бүгін,
Қоя алмай жүр ағалар майдалығын,
Өсірмей келешекке сайлап ұлын,
Тегі болмай пейілді, жайдарының...
Сол шалдарым, жаным-ау, қайда бүгін?!



Бозаң далам, алаңмын!

Шныр-шныр қырларым, бозаң далам,
Қиырыңа мойнымды созам да алам.
Біздер емес ғасырдан оза алмаған,
Ақын өткен өзінде сөз аңдаған,
Ақыл өткен еліңе сөз арнаған,
Батыр өткен жауыңнан көз алмаған...

Ақыл өткен өзінде, батыр өткен,
Ақын өткен... аталмай аты көптен.
Түрен келіп төсіңе тісін салып,
Табар ма екен орныңды ақыреттен?

Ақын өткен өзінде жез таңдайлы,
Бозаныңа қонбайды бозторғайың.
Тың көтеріп кеткендер ереуілдеп
Бол! деді ме өзіңе тоз-тоздайын.

Боз жусаны аңқымай бозаң далам,
Беті-жүзің шаң басқан, тозаңдаған.
Қиырына мойнымды созам да алам,
Қиналыстан басқа бір сөз арнамаң.

Бозаң далам, большты бәрі ғайыш,
Ғайыптыққа барамын тағып айыш.
Ақылдар жоқ бүгінде сөз арнайтын,
Ақылдарға бүгінде тақ лайық

Шныр дала, жусанды мына қырлар,
Болашаққа қалар ма — күмәнім бар?
Байқоңыр қонып алған боз даламыз
Сольш, оңып кетер деп, сірә, мұндар —
Аларың көп, Аралың жоқ боз далада
Көбейіп жылдан-жылға құм ауылдар...



Ақ жаңбырлар

Ақ жаңбырлар, жаңбырлар, жауасындар,
Айтындаршы, бұл жерде не аласың бар?
Ағыл-тегіл бір жерге сел боласың
Анда-санда бір жерге тамасыңдар —
Адам түгіл сендер де аласыңдар.


Менде былай сендерге нала артулы,
Білемін бірде сараң, жомартыңды,
Шөлейттерді, өңеші кеуіп жатқан,
Білмейсіңдер шөлдерді жаңартуды.

Демес едім мен мұны сыйы осалдың,
Мықты болсаң соларға құя салғын.
Тандырлар да тойынсын жаңбырларға,
Теңіз жасап беріңдер жал құмдарға.
Шыр-шыр етіп бозторғай ән шырқасын
Теңіздерден нәр тартқан шалғындарда.

Айтындаршы, бұл жерде не аласың бар,
Сендерге тағар солай таласым бар.
Көлшік болып көлдерге құя салмай
Кенезесі кепкенге қарасыңдар!

Шөлейттерге тірлік кеп, ту байланып,
Кете алмаса қалалар тумайды анық.
Жерге жетпей кетпеңдер буға айналыш,
Қарақұмдар гүлденсін нуға айналып.

А, жаңбырлар, жаңбырлар, мынаны аңғар,
Қара жерде тіршілік, сұм ажал бар.
Қара жердің қойнында — өлі адамдар,
Қара жердің бетінде — тірі адамдар.
Шөлейттер мен шөлдерде тұратындар —
Қолын жайып ақ жаңбыр сұрағандар...



Шақырымдар

Шақырымдар, аңсаулы шақырымдар,
Шалғайларға әрқашан шақырыңдар.
Ұзақ жолда жатым бар, жақыным бар,
Жауыздар бар, әйтеуір, аты мұндар...
Жолықтыр бәріменен, шақырымдар!

Көрмей, білмей өмірді танырмын ба,
Кездессін қараңғың да, жарығың да.
Апарып тірей салғын шағыл құмға,
Адам болып, жасықтан арылуға,
Жақсыменен жақсы боп танылуға,
Жолға шығып, даярмын сабылуға.

Несібе етіп үмітті келер күннен,
Пешенеме жазғанды көрермін мен.
Сапарымның болашақ хоштап алдың,
Ажырамас мәңгілік дос табармын.
Жақсылардың жалауын көтерісіп,
Оңбағандар оғынан жасқанармын.

Адам, бәлки, мәңгілік жолда шығар,
Аялаған үміті таңда ашылар.
Ажал жазса тағдырың пешенеңе
Кеудеңнен ардақтаған жан да шығар.
Жалғыздықты басыңнан кешірмеуге
Жақсы жанмен сапарда қолдасып ал.

Шақырымдар, аңсаулы шақырымдар,
Қиғаш бассам, қиырға батырыңдар,
Өз сорымнан көрейін қиындығын
Әйтеуір шалғайларға шақырыңдар,
Болмасын әрқашан да ақырың бар...

Аралды айтпа

Аралды айтпа, достым-ау, бастама мұң,
Бастасаң мұң — көзіме жасты аламын.
Қазағым, келмегені-ау басқаға әлің —
Теңізіңді итжемге тастағаның
Арал сенің еді ғой асқақ әнің.

Аралда айтпа, уа, достым, бастама мұң,
Аралым Алашыма масқара мін.
Елім болып еңіреп тірлік қылмай,
Жылу жиған — әлегі жас баланың.

Қолдан қолға көшумен жалауың жай,
Асылыңнан айырылдың Аралыңдай.
Алты алаштың баласы отыра ма
Жанарына жас алмай, жаны ауырмай.

«Жомарт!» десе — басың тек айналышты,
Сол құрғырдан көрдің бе пайда мықты!
Теңізің тәрк қылып тастап жатқан
Табарсың дүниеден қай халықты?

Сыңар сұрап келгенге егіз берген,
Кімдер алып кетпеген немізді өрден?
«Байқоңырлап!» кеудені ұрып жүріп,
Ажалына Аралдай теңіз берген.

Осы ма еді асылға еркелігің,
Көлшік болған теңізің шертеді мұң.
Кештеу ұғыш ойыңның келтелігін
Бармағыңды шайнаған, көнтерілім!

Аралды айтпа, көзіме жасты аламын,
Сырқат теңіз Алашқа масқара мін.
Баға берме біреудің қас-қабағын
Арал сенің еді ғой асқақ әнің
Дәл бүгінде итжемге тастағаның.



Ар мен алаша

НЕМЕСЕ ҰРЫ ҚЫЗДЫҢ ҚЫЛЫҒЫ

Көп болды бұл қария
Ауырғалы,
Сырқаты күннен - күнге ауырлады.
Күні ілгері шығарып қойды оның
Жаназасын барша жан қауымдағы.

Хабары жоқ
Өңеші іскенінен,
Бір үміт жылтырайды іште кілең.
Сорлы кемпір нәр сызбай жатсадағы
Алпарысып, алысып іш-жегімен.

Құр сүлдері —
Дәм татпай амалдады.
Өз бетімен жұтым сау ала алмады.
Қайыр болмай қайырымсыз қыздарынан
Жәрдеміне жалғыздың алаңдады.

Қыздары ғой көрмеді
Мұны күнә,
Бойламастан ар-ұят тұнығына.
Жыртық иін, жүдеген сол кемпірден
Не нәрсе бар ілінер құрығына?

Сырқат сорлы,
Шықпаған шыбын жаны,
Үміті бар тірліктен, шынында, әлі.
Аз да болса нәрсесін үлестірмей,
«Тірі қалсам керек!» деп ырымдады.

Сырқат жанға кім түсер
Арашаға,
Жаны қалмай мүлікке таласа ма?
Қалаға анасына келген қыздың
Көзі түсті әдемі алашаға.

Алаша әдемі деп
Ол ойлады,
Әуелі сұрап көріп абайлады.
«Осыған оарарсыңдар!» деген сөзге
Қарамастан ап кетті қалайдағы.

Ары менен ашкөздік
Араласты,
Сорлы қызды солайша қара басты.
Анасының астынан суырып ап,
Алашаны жымқырып ала қашты.

Өсек емес,
Шындық қой сөз еткенім,
Кім өледі, тұр енді кезекте кім?
Сорлы жанның алдында нұры тайған
Арсыздық қой танытқан өз өктемін.

Кеңілімнің аз ғана
Наласы бар,
Арсыз қызды тірлікте таласын ар!
Кім біледі олімі қандай болар,
Өзінің де өсірген баласы бар...



Абай мен Құнанбай

«Мықты болсаң сен де тудыр бір Абай!».

Құнанбайдың Абайға айт қаны.

Бір ғасырдың ақтарам деу әжімін,
Артық болар, дәмелену, әзілім.
Жалғыз сөзін қозғамақшы әзір үн,
Баласына айтқан дана қажының.

Көңіл қалай бәрін қозғап, сарқысын,
Бұл әлектің оты онда шарпысын.
Қажы менен ақын ұлдың әуелден
Жай қозғайын жалғыз сөзбен тартысын.

Сөз етпей-ақ осы арада өңгені,
Болсын жалғыз қызыл тілге келгені.
Бір-ақ сөзбен байлағандай ақынды,
Құнанбайдың керемет-ау жеңгені!

Дана әкенің ұғынған соң бұл сынның,
Ақын сезген салмағының қырсығын.
Өзінен де асқан ұлды тудыр —
Ай, қиын-ау, батыртпайтын тұмсығын.

Атасына көрмесе де бақ тұнып,
Қара болып, төре шыққан ат мініп,
Құнанбайдан қайдан асын Абайы
Тап өзіндей кемеңгер ұл таптырып.

Жалғыз болып қалды солай нар Абай,
Балалары теңесе алмай, шалағай
Құнанбайдан жеңілгені осы еді,
Асқан дана, ақындыққа қарамай,
Әке берген өткір сауал қапеден,
Төбесінен ұрғандай-ақ төтеден.
Мына өзінен асқан бір ұл тумаса
Жеңілгені сол емес пе әкеден.

Ал Құнанбай істеп алып бұл істі,
Пайғамбардай жатуын-ай тыныш-ты.
«Ә, бәлем!» деп бір сауалды бере сап,
Барлағандай зер салуға кірісті.

Ұлы Абай сезді ме екен айыбын,
Тудыра алмай озған нәсіл лайығын.
Дана Абайдан озып туған бала деп,
Бұл қазақтың айта алармыз қай ұлымы?!

Қажы сөзі бар қазақты сынардай,
Ұл тудырған шыңға біткен шынардай.
Бере салған дана, дара, сыңарды-ай,
Бар қазаққа жеткізбей тұр Құнанбай!

Адам мен хайуан

Қастерлісі қайсысы —
Кім біледі,
Бала кезде бәрі де бұлдыр еді.
«Адам деген, айтатын білімпаздар,
Сана менен сезімді білдіреді!».

Серік больш адамға
Сана қалды,
Сезім, ақыл, ой, білім —
Саналар-ды.
Көрдім талай ғұлама, білімдарды,
Көрдім талай данышпан, даналарды....

Қасиетті санталай
Жайып алға,
Кейін қалар адамның жайы бар ма?!
Екі аяқты мақұлық бұл жөнінен
Есе бермес төрт аяқ хайуанға.

Сондадағы, адамдар,
Қарасаңдар,
Хайуанға түсетін арашам бар!
Еріктерің бұл үшін жазғырсаңдар,
Еріктерің жындыға баласаңдар.

Хайуаның білмейді
Дау-дамайды,
Өштеспейді, ешкімді жауламайды.
Аярлықты білмейді, пасықтықты
Зымыян боп адамды алдамайды.

Тілі де жоқ,
Сондықтан үндемейді,
Біледі ғой тоқтықты, құр көмейді...
Айырмасы адамнан хайуанның
Қиянатсыз, бір-бірін күндемейді.

Көріп алдым құқайын
Наразының,
Осымен тәмамдалсын бар әзілім.
Адам мен хайуанды салыстырсам —
Екі басы тең екен таразының!



Бәйге

Бәйге сүйген
Ежелгі сай ғұрыппен,
Сәйгүлікпен, заулаған
Сәйгүлікпен.
Қара бала қонадап кете барды,
Кете барды,
Атбегі қалды үмітпен.

Ей, тұлпарлар!
Жіберме намысыңды,
Сүйесіңдер сендер де
Жарысуды.
Кішкене қара бала болғанымен
Қолдары шабандоздың
Қарысулы.
Тақымын қысқап кезде
Тұлпарының
Төрт тұяғы аспанға
Шаң ұшырды.

Мұндай кезде
Адамның жоқ ұстамы,
Үміт, күдік — осы жер тоғысқаны.
Шегіндей домбыраның керіліп тұр
Керіліп тұр бәрінің
Намыстары.

Соңғы қуат,
Ақтық дем, сәтте, міне,
Көміліп қалды қанша ат деміне.
Озар жүйрік оқтай-ақ алға атылып,
Қалған жүйрік көміліп әттеңіне,
Қарай алмай тұр әне атбегіге.

Жазғырмайық біз оны
Жеңбегенге,
Жеңіс біреу,
Көнбейді тең бөлерге.
Жеңіс деген еншісі жалғыздардың
Бұйыратын тек дара
Келген ерге!



Тағдыр

Шабандоз тағдыр күш әлін,
Тақымынан сөздік біз бүгін.
Аяқта кейде тұсауың,
Мойында кейде тізгінің.

Ана бір жаста жігерлі ек,
Япырау кеткен қайда әлім?
Аяқты бірде шідерлеп,
Қолымды бірде байладың.

Жолдарын өтіп сан қырдың,
Шаптырдың, тыным алмадым.
Езуді тіліп қан қылдың,
Арқамды осып қандадың.

Көндіріп соның бәріне,
Қиырға талай лақтырдың.
Қаратпай кейде әліме,
Ақсорпа қылып шаптырдың.

Босанып тұсау, шідерден,
Дыраудан тынса арқам бір...
Бәйгеңе қосып жіберген
Өміршім сенсің, беу, тағдыр!

Белім де талай бүгіліп,
Шабумен ырғыш, қарғыған.
Тірлікте кетсем жығылып,
Өзіңе болсын бар күнәм.



Уақытпен сырласу

Ақ қар тағы да себелеп,
Айнала қалыпты шашыла.
Зымыран уақыт, нә керек,
Ақ тал қосыпты шашыма.

Уақыт бейне ертегі,
Сәбилер көретін түс сынды.
Не болар адам ертеңі?
Айтсаңшы, күндер ұшқынды.

Сырға толы бұл менің,
Шағым ба, іңкәрім басылмай.
Армысың, ақ қарлы күндерім,
Абыз ақсақал шашындай.

Шақырып ертеңім, ілгерім,
Атқарар ісіме кім не?
Беу, менің болашақ, күндерім,
Сендер — бір жұмбақ дүние.

Тағдыр жылатқан, күлдірген —
Кешейін өмір дүрмегін.
Болашақ — таңсық, кім білген,
Не сыйлар келер күндерім?

Зулайды жылдар — Құлагер,
Не ойлап олар, елемек?
Келер күндерге
Тұра бер,
Іңкәр ғып, ақ қар, себелеп.



Жер-мекенім

Ортақ мекен,
Ортақ үй
Жер деген бұл,
Тұрғындары ақ тілек тербеген кіл.
Бейбітшілік астында аза салып,
Орамайық ешқашан зерлеген гүл.

Қалаларда,
Қырмызы
Әр ауылда,
Жалаулар алау жағып алаңымда,
«Ақ көгершін аспанда самғасын тек,
Ракеталар тұрмасын қарауылда!»
деген ұран әлемге таралуда.

Бақыт күн ғой
Баршаның
Арман-әні,
Адамдардың ақ ниет—арнағаны.
Ту көтеріп жүректер лүпілімен.
Бейбіт тілек түлетер заңғаралы,
шерудегі нық басқан әр қадамы.

Аңсау—Жер,
Арайлы екен
Келбет-өңің,
Даламның дарқан төсі—төрлетерің.
Мен бүгін қуаныштың гүлін ұстап,
Көңілде көрікті ойды тербетемін,
ынтымақты болсын деп ЖЕР-МЕКЕНІМ!



Адамзаттың ардағы

Болашақ болсын бір күнім,
Жүрмесін жүрек от алмай.
Беу, Әйел заты, гүл бұрым,
Ардақтысың Отандай!

Шырын тілекпен арнадың,
Шарпулы заманға — тыным,
Аялап өтер-ардағым,
Сыңары — адам затының.

Қиялға ерік бердім де,
Шабытқа сендім мен бүгін.
Махаббат болсын ерніңде,
Ардағым, Алуам, Еңлігім..!

Сескенбей садақ сауыттан,
Аналар айтқан өз үнін.
Азаматтарға жауыққан,
Араша болған нәзігім.

Ақындыр жыр қып шыңдайтын,
Мәңгілік сенің жыр — атың,
Қиынға мойынұсынбайтын,
Қайсарым, қайтпас, қуатым.

Гүл болсын Жердің үсті деп,
Күліне төсін тосқаным.
Ұясын қорғар құс — тілек,
Адамзатқа бар дос жаның,

Жыл өтсін тамам ырғақты,
Қарттардың шашы ағарсын.
Әлдилер науан ұрпақты,
Мәңгілік бесік — Анамсың.

Жаралған үлкен жүрекпен,
Сен болсаң өшпес заманаң.
Тірлікке Өмір — гүл еккен,

Айналдым сенен, Хауа — Анам!



Аңсау

Шілде толыш шуаққа,
Білдіргенде гүл демін.
Қалдыңдар-ау жырақта,
Бүлдіргенді күндерім.

Куә болған бәріне
Балғын шақтың дастаны.
Есімдесің әлі де,
«Отынағаш» аспаны.

Бозторғай боп ән сап қыр,
Балын тосқан бүлдірген.
Жүрерімді аңсап құр,
Сол кездері кім білген?!

Көз алдымда қырларың
Көйлек киген сағымнан.
Сенің есте тұрғаның —
Сезімім ғой сағынған.

Ғашық болғам бұрымға,
Ғашық болғам расында.
Сенің бұйрат қырыңда,
Тамған көздің жасы да.

Қалдыңдар-ау тым алыс,
Енді аңсауым өрілді.
Сол қырыңда қуаныш,
Күлкім болып төгілді.

Өткен күндер сөйлесін,
Сырға қанық қылған жер.
Балалықтың жейдесін
Шешіп кеткен туған жер.

Сезім — кейде жауын ақ,
Кім сезімнен түңілер?
Сол жейдемді тауып ап,
Киіп жүр ау інілер.

Енді «бала» дермісің,
Мені аңсаулы қылған жер?
Сол күндердің белгісін
Тауыш берші, туған жер.

Талай күйді кез қылдым,
Лаулап жанған от едім...
Қашып кеткен мезгілдің
Қайтарайын өтеуін.

Таңсәрім

Алғы күндерге
асыққанымда аңсарым,
Армысың, менің сәби дидарлы таңсәрім!
Өмірде мынау үмітім барда ұзатып,
Қарсы алам сені қанша күн?

Таңсәрім, сенің
тегіңде ұлы күш бардай,
Тепкіге көнбес, теперіш көрмес, ұстамдай.
Қырға нек артып, асылып тұрғау Қызыл
күн,

Қол созса — сәби ұстардай.

Армысың, арай,
таңсәрім менің, балғыным,
Қызыл нұрыңнан нарт болды қырым,
шалғыным.
Сәулеңнен сенің оянып кеткен бұлақтар,
Сыңғыр үніне салды мың.

Жарқ еткен сәулең,
жарығы бейне лағылдай,
Лағыл сәулені жүрейін қалай сағынбай.
Таңсәрім менің, көңілімде бейне боласың.
Өткен бір сәби шағымдай.

Сәби шағымыз —
сыбызғы үнді ерте-күн,
Аялап бізде есейткен шығар өрт екпін.
Таңсәрім менің, өтіп бір кеткен кезінде,
Елеңдедім де селт еттім...

Таңсәрі болып,
мезгілім аққан күні-түн,
Бойыңда қуат болсыншы жанды жылытым.
Ертең де жайна, өртеңге жай да нұрыңды,
мәңгілік менің, үмітім!



Досқа наз

Реніш енді сөйлесін,
Сөйлесе — іштен кір кетер.
Өзіңе айтпай, ей, досым,
Арызым менің кімге өтер?

Арызым менің кімге өтер,
Жүремін содан күрсініп.
Адамды адам құр бекер,
Алдау ма деймін тіршілік?

Басылмай жүрген кеудесі,
Тағдырдың біз бір пендесі.
Адам деп адам бола алмай,
Алланы білмей кейде осы.

Тіршілік кешіп өстіп-ақ,
Жүргенге жаның шыдар ма?
Аярлар тырнап, осқылап,
Жүректен қаның шығарда.

Өмірде аласұрғанмын,
Адалдығымды өрмідеп.
Арамза қара сұмдардың
Болдырмасын-ау жолын деп.

Жандырып шоғын көзімнен нұрдың,
Адалдық туын жықпадым.
Алыстым, атым, өзім болдырдым,
Жан досым, енді бітті әлім.

Жекпе-жектердің кезі көп келді,
Айтылды саған ренішім.
Сезерсің, жаным, өзіңе өкпемді
Аярдың көрсең жеңісін.

Шағылып тауы қара сұмдардың,
Шеруі өшуін ойладым.
Әділдік іздеп, таласы бардың
Жеңісін керек тойлауың.

Бірі едің, досым, қолымды алардың,
Тірегім едің қарасар.
Мерт болып кетсем жолында ардың,
Жығылған туды ала сал!



Жеңешелер

Жанарыңда жауқазын сыр тұнғандай,
Жұртыма келін боп сан жыл тұрғандай.
Өзің келіп, шаңырақ сәні болып,
Қуаныштан көшеміз құлпырғандай.

Жолын кеспей қайынаға, інінің де,
Сыйластықтың кетпеген сыны мүлде.
Сырыңды ашар кезінде сақтай білген
Жеңгелерге болады жүгінуге.

Жеңешелер, нақ туған анамдайсың,
Ақылыңды айтасың, алаңдайсың.
Ағат кеткен тентектеу, жерім болса,
Кір сақтамай жүрекке, амалдайсың.

Тік көтеріп тұрғызып төріңді өрге,
Ағаммен тең еңбегің сенің де елге.
Ағайынға жағатын қылықтарың
Дарыса екен енді бір келіндерге.

Сендер болсаң шамшырақ неге сөнер,
Татулықты сыйластық демесе егер.
Қартайып барасыңдар көз алдымда
Болыңдаршы аман-сау, жеңешелер!

Өткен күндер

Көз алдымнан көлбедеп көне іздерім,
Нені іздедім, жаным-ау, нені іздедім?
Өткен күндер, тағасың немізге мін,
Адамменен, сағыныш, егіз бе едің.

Көз алдыма келмейді түсің, өңің,
Елестерді есіме түсіремін.
Балалалығым болғанын түсін, өмір,
Баулыш салған мендағы құсың едім.

Қуанышым, шаттығым, әттеңім-ай,
Сағыныш қой, шамдансам сәтте бұлай,
Көп күндерім кеткен бе, қап, тегін-ай?
Көз алдымнан көлбеген, сәттерім-ай!

Ақын болсам, шақырсын шабыт алдан,
Үмітімді үзбейін тағы таңнан.
Тұлпарымның тізгінін ағыта алған,
Боламын-ау мендағы кәрі тарлан.

Өткен күндер, емес-ау түсің анық,
Кел, енді біз сезім-құс ұшыралық.
Алғы күнге асығыш барамын мен
Ағалардың соңына түсіп алыш...



Жусан-Ғұмыр

Мезгілден көңіл оздырсам,
Көңілді дегін көк дөнен.
Туғаннан серік боз жусан
Түлеген, жылда көктеген.

Қалдырсам артта сан шақты,
Ғұмырда білгем мән барын.
Алқызыл, нұрлы, моншақты,
Атумен жалғас таңдарым.

Атумен жалғас таңдарым,
Апарған келер күндерге.
Аңсаумен алға самғадым,
Бір белден өтіп бір белге.

Өткенді кейде — сөз қылсам,
Аңсадым дерсің алғыны,
Жыл сайын түлеп боз жусан,
Қырлардың қаулап шалғыны.

Жылдарға бермес кім есе,
Шалқыдым, тасып, төгілдім.
Боз жусан жылда түлесе —
Болғаны жалғас өмірдің.

Боз жусан солса — бұл күнә,
Болашақ онда жоқ дегін.
Өмір де сонда бір күні, ә,
Қоятын болар көктеуін!

Мезгілден кейде озса адам,
Жүйрігін көңіл ұқтырып,
Өткенге мен бір көз салсам,
Жанарға жылы шық тұнып...



Жалғыз бұлақ

Тұрақ таппай жылыстап қыр, алаптан,
Жалғыз бұлақ, жалқысың жылап аққан.
Жетімсіреп жетіпсің жылға болып,
Жер астынан жол тауып сыналатқан.

Кешкендейсің өмірдің ғаріп шағын,
Жалғыз ғана жатасың ағып шағын.
Жалғыз жүріп жол таппай адасқандай
Қара жердің тауыпсың жарықшағын.

Күн нұрына сендағы құмарсың ба,
Құмар болмай, жарыққа шығарсың ба?!
Кәусәріңді құмарлар құп алсын да
Кенезесін шөл басқан суарсын да!

Дарияға жоламай даралана,
Жалғыз бұлақ, жатырсың далаға аға.
Сен сияқты мандағы жалғызбын-ау
Бір әкеден қалған бір қара ғана.

Жер астынан қашанғы күш аларсың,
Боз жусанды қиырды құша аларсың?
Құрсауымен қыспаққа ап қыс келгенде
Көкшіл мұзға айналып, тұсаларсың.

Десемдағы жүректі пендемін-ақ,
Тағдырым саған ұқсас мен де — бұлақ.
Сайраса да әзірге кеуде, бірақ
Жерде тудым, кетермін жерге құлап.

Жүрегім бар жігерлі, қызған көрік,
Жататұғын жалмауыз мұздар да еріп.
Аға тұрам адамға ізгі әл беріп,
Қыспағына алғанша ызғар келіп!



Мынау өзі адам ба,
Албасты ма,
Сол екеуін кеткен бе алмастыра?
Күдік пенен секемді жалғастыра
Ойға қалдым көргенде алғашқыда.

Сұры қара себебі
Түбі қара,
Түбі қара болғасын түрі қара.
Сұрқы жаман отырған ыңырана
Ыңырана беретін бұ дүбәра.

Іліктіре көрмесін
Ілгегіне,
Жаныш кетер сияқты күл деміне.
Суық екен сұрқия күлгені де
Ұқсайтұғын қанденнің үргеніне.

Қасқып, қоқиюын
Дара шыңдай,
Күржигені болмаса... қорашың жай.
Әйтеуір бықсып жатқан бірдеңе отыр
Жаныш біткен сексеуіл шаласындай...



Қара күшік

Сенде бостың көшеде, менде бостым,
Боспайтұғын дәл қазір пенде емеспін.
Тұманданыш көз алдым жүрген кезде
Жанашыр боп қол ұшын бермеді ешкім.

Неге маған телмірдің, ақымағым,
Сұраймысың «Бар ма, — деп, —
татырарың?».

Мен де сендей, ей күшік, нәр сызбадым,
Тұла бойда мұң болып жатыр ағын.

Иең қайда, күшік-ау, үйің қайда,
Тап болдың ба сендағы қиын жамға?
Сен де мендей босқынсың қарап тұрмын,
Көше кезген баспана бұйырмай да.

Безіндің бе, ей сорлы, алақаннан,
Бейбақсың-ау хайуан, аң атанған.
Менің жаным, сен ұқсаң, парша-парша —
Жылы орнынан суынған ала таңнан.

Қара күшік, қайғысыз, о, серігім,
Екеумізге жоқ қазір кешегі күн.
Сенің қамың бір үзім нан-ақ шығар
Соны ұқтырар қыңсылап есер үнің.

Сұрамайсың, ақымақ, көңіл жайлы,
Тамақсаусың, бұл тұр ғой өңіңде әйгі.
Сенің қамың бір тою, білем оны,
Жүрегімді езіп тұр менің қайғы.

Байқа, күшік, бекерге еркелеме,
Босып кеттің үйіңнен ерте неге?
Кезбе емеспін,
Емеспін маскүнем де
Жатыш қалар кез-келген жертөледе.

Бұл жерде бұрын жүрген пенде емеспін,
Пенделікті десем де мен де кештім.
Жамандыққа көз салған жаның емен,
Адамдықты ешқашан жерлемеспін.

Осы жерде көрдің-ау сан адамды,
Көздерінде қуаныш, нала барды.
Жалғанды жалпағынан басып бірі,
Бірінің жаны бейбақ, жарадар ды.

Қыңсылаудан басқа бір етпейтін үн,
Сезілмейтін бар дейтін, жоқ дейтінің.
Соның бәрін сыр етіп айтар едің,
Айтар едің, тек әттең, жоқ қой тілің.

Шабынбайсың, мінезің оң білемін,
Үмітімді қалайша сөндіремін?..
Осы жерге бір бейбақ келер болса —
Кеше мұнда бір ақын болды дегін!
Кездесуім екіталай енді менің..



Өмір

Болармысың аз ба әлде көп пе маған,
Өзің бар ғой менің өкпе-налам.
Жүргімде адалдық көктегенмен
Мен кейде шаттығыңнан шетте қалам.

Ей, өмір, мені кейде өкпелеттің,
Қара жүрек сұмдарды өктем еттің.
Айналамды келсе де көктем еткім,
Азуына саласың көк төбеттің.

Түнеріп жүрері де түсім кей күн,
Жүректің адалдығы үшін деймін.
Жапалақтар жалпылдап жар басына
Жайғасқанын мен өзім түсінбеймін?

Көңілімде болмаса жұтам қайғы,
Тектен текке өкпем де тұтанбайды.
Көк төбеттің тырнағы кетпейді,
Азу тісі арланның мұқалмайды.

Өлерменнің етесің төсін дардай,
Айырмайсың әділді өшің бардай.
Батыры өлген ауылды өштескен жау,
Ол олгенде шапқылап басынғандай.

Ағат айтсам, сабама түсір мені,
Ақиқатым осы ғой ішімдегі.
Ызам да көп кеткен бір кісіндегі,
Сен әйтеуір, ей, өмір, түсін мені!



Доссыз адам


Өзімен өзі —
Қайғырсадағы, күлсе де,
Жүретін шығар өзіне, бәлкі тым сене.
Өзіне-өзі көрінген кезде таудай боп
Кеудесіне әсте пісіп-ақ шығар күлше де

Керуенге ермей,
Кісікиктеніп, басыр боп,
Құмарлау жаны әсекті өріп, тасуға от.
Иығы сыймай сыралғы топтың ішіне,
Қосылар жұртқа бойында мүлде бәсі жоқ.

Сыралғы дос жоқ,
Жолдассыз қараң, дарасың,
Қозғалған көштің жұртында дара қаласың.
Қызғаныш ойнап ішінде сонда күйікпен,
Тастайсың тоңқа өсек пен күйік шаласың.

Адамы болмай
Іш тарта сөйлер сыралғы,
Нақ сондай адам тікендей шетте тұрар ды...
Ере алмай көшке қалғаның үшін
қыжылмен
Артасың келіп басқаға шамшыл кінәнді!

Өзіңнен асқан
Білмейсің дана білгірді,
Келмейді бергің өзгеге әсте келбейсің.
Жүресің жұрттың ортасын содан ойран ғыт
Тастамай сылып қызғаныш деген
құрғырды.



Қос қияр

Қол бұлғар бүгін алыстан,
Балалық күнім — жансаям.
Бір ұрлық қылдым,
Арыстан,
Жанымда және бар Саян.

Ауылдың Саян — қонағы,
Арыстан деген — ал іні.
Ағаның кейде болады,
Ініге мұндай «тәлімі».

Қазақты бұдан кеміс қып,
Өсірп емес тер шыққан.
Дүйсенде ғана — жемістік,
Жемістік іші — жеңсік дәм.

Ешкімді жоқпыз зарлаққан,
Ішінде менмін естияр.
Ақырын түсіп шарбақтан,
Алғаным сонда қос қияр.

Аңғалдау болар бала тым,
Кетпес пе ек қашып біз оңай.
Тер қылып арттан торы атып,
Дүйсекең жетті ұзамай.

Күн ашық еді, торланбай,
Аспанда жайсаң Күн күлген.
Қос қияр үшін сонда айғай,
Боларын мұнша кім білген?!

Аңыз ғып несін айталық,
Ашулы жүзден жерігем.
Қиярды бердік қайтарып,
Ауызға түсер жерінен.

Үлкеннің мол-ақ-ты әдебі,
Бір қызық болды бұл деген.
Қазақи қонақкәдені,
Дүйсекең сонда білізген.

Осылай ойға түсермін,
Ақиқат осы қалды өсіе.
Балалық қылған үшеудің,
Бірі жоқ болған баукеспе.


Інілер мені сүйсе екен,
Азамат болған естияр!
Есімде жүр ғой Дүйсекең
Қайтарып алған қос қияр...

★ ★ ★

Мен өмірді ұқпадым,
Өмір мені,
Ойлағным болмады көңілдегі.
Шабан атқа жармасқан шабандоздай
Шын шабысқа жеткізбей тебінгені.

Өмір мені ұқпады,
Мен өмірді,
Таба алмадым кенеуім, керегімді.
Сенгіш жүрек айырмай адамдарды
Сұрқияны дос көріп сене білді.

Мен өмірді, андасам,
Әлі ұқпаппын,
Әйтеуір біраз жасқа келіп қаппын.
Бар ұтқаным өмірден
Ұқпасам да
Шындық деген айнымас серік таптым!



* * *

Көңілімді кезім жүр
Бұла сағым,
Өзіңе, өмір, енді сыр ашамын.
Деуші едім-ау шайнассаң — шайнасамын,
Күш сынассаң — тайынбай сынасамын!

Күш-қуатты шаршатып
Өлең жазып,
Болмаса жүргенім тек,
Келем қажыш.
Бір күндері әлсіреп бар дәрмәнім,
Сұрқиялар тісіне болам ба азық?

Шетке ысырып біреулер
Тастағандай,
Жылаймын ба жанарда жас та қалмай?
Дүннені кең дейді,
Тарылыпты,
Тарылыпты таусылып тостағандай.

Біреу басып жалғанды
Жалпағынан,
Айнымайды талтаңы, балпаңынан.
Ақын қалды жер басып тостағандай,
Айырылса да әл-дәрмен, қауқарынан,
Айнымастан ақиқат арқауынан!

* * *

Менің жаным дәл бүгін
Ызбаралы,
Жүрегімде жылынас сыз бар әлі.
Сыз бар әлі —
Сыздықтап өкініші
Кейбіреулер бәйгемді қызғанады.

Жата алмайды оларда
Іште тыныш,
Қызғанышпен қитыққан күшті өкініш.
Қолына қара бақыр іліккен соң,
Өзгедей құрығанда түспей күміс.

Г'й, насық, құп көрмедім
Бұл ісінді,
Жақдырмадым бұқпантай жүрісінді.
Өнерің асып тұрса амалым жоқ,
Қияр едім алтыным, күмісімді.

Ал мен өзім алтынды
Жаға алмадым,
Сезсемдағы өмірде жалған барын.
Қара сұмның қолына бақыр тисе —
Жетіп жатыр алтыным, маржандарым!

Өнер бір ме бұйырған
Бар адамға,
Қарамадым оштікке, зобалаңға.
Алтын алам бәйгеде атым озып,
Қорықпастан өсектеп, жарадан да!

Біреудің адал дәмін
Татып тұрып,
Шығамыз жатық сойлеп, жатық күліп.
Аярлық дегенің де осы екен ғой,
Жататын бұл адамның аты ұқтырып,
Келеді айқайлағым атып тұрып.

Абайлап сойландерші,
Ей, пенделер,
Тілге де бітеді екен кей кейде өнер.
Адамға жылуы жоқ қызыл тілдің
Мәйегі осылай бір көркем келер.

Әлемде жүргенімен
Көш басы боп,
Адамда жоқ демеспін еш қасірет.
Адамды айтар едім шындықпенен
«Адалдық пен аярлық қоспасы!» деп.





Бұл адамдар сатылған,
Сатып алар,
Мәңгілік саудагерлік аты қалар.
Ар дегенің, тәйірі, зат екен ғой,
Қара бақыр — тиынға татымады ар.

Кіммен енді мұны айтып
Дауласармын,
Шөлді кезіп, қаңғырып, тауды асармын...
Шындық іздеп шыңырауға қауға салғын,
Шыға келер алдыңнан саудасы ардың.

Күміс күлкі төгіліп
Ажарында,
Бұл саудадан кімдерің тазаруда?
Ар дегенің айналып ақша сынды
Қалта кезген тірліктің базарында.

Құтылып кете алмай жүр
Пенде бұдан,
Ақынды да аямас елдегі лаң.
Сатып жатыр арларын барша жұртың —
Айтшы жүрек, қайтемін,
Мен не қылам?!



Сыр

Келеді кейде өзіммен
Бір тілдескім,
Қалайша ой-құрсаудан сілкінбеспін.
Қамалып ой құрсауға қалмас едім,
Сөз ертіп, сайрамаса сыртымда сшкім.

Тұрса ғой таңым шуақ,
Күнім күлің,
Ізгіге жігерімді жұмылдырып.
Біреулер орға итеріп, құрық тастап,
Мазамды алмағанда сүріндіріп.

Қарамай тарта берсем
Бұл кеселге,
Деймін мен сондадағы күндесер ме?
Біреулер сөз қылады көзге түспей,
Біреуді өзім барып ілмесем де.

Десем де пәктігімді
Шын ұқтырғам,
Біреулер қиястыққа бұрып тұрған.
Әйтеуір бір жаманат табылады,
Жіберіп қасақана қылып құрбан.

Сонда да жығылмастан
Әлі келем,
Адалдықтың пәрмені, сәніменен.
Қасқайып қара дауыл соқсадағы
Шынардай құламайтын әлі де мен!



Сағынамын, бала күні!

Қайран ғана-ай, қайдасың,
Балауса күн,
Балауса күн — баддырған сонау шағым.
Сен түсесің көзіме көз жасы боп,
Жүрегіме ғайыптан жамалса мұң.

Арманды шақ,
Алаулы күнім менің,
Бал күнімде алаңсыз күлімдедім.
Әкемді де білместен жетім болып,
Жүргенде де тірліктен түңілмедім.

Маған тартқан тағдырдың
Сыйы мына,
Өмір жүгін қондырған ниғыма.
Әке көрмей арманда жүргенде де
Төзген едім ғұмырдың қиынына.

Кезім аздау фәниде
Нұр тасыған,
Тағдырымды сезсін-ақ жұрт осыдан.
Тағдыр мені тұсаумен келеді әлі
Асқанымда қырықтың қырқасынан.

Бұйыртқанда қиынын
Маған анық,
Нәзік жүрек қалады жараланып.
Қоңыр әуен, қоңырқай тірлік кешесем
Кескестейді қандендер шабаланып.

Сезер болсаң жаным пәк
Мына менің,
Отты, нәзік, сезімтал жұрт Әлемім.
Отқа түсер кейде бір қобелекпін,
Озып шығар кейде бір Құлагерің.

Жұмысы жоқ айқай мен
Лауыңменен,
Корнауды керемет жауым көрсем.
Көңілегі қанғоса болсадағы
Бұйығыдан бөріні тәуір дер ем.

.. Жетерлік қой —
Жеңісті, жаралы күн,
Жүрегіме толады нала, мұңым.
Соның бәрі нықтан езгенінде
Сағынамын өзіңді, Бала күнім!

Айтатыншы өзіңе,
 Досым өкпе,
 Жаның үйір дейсің сен қасіретке.
 Тура сөзден тайсалған жерім оар ма;
 Қателесіп тұрсың-ау осы ретте.

Тура сөзде естілді
 Талай үнім,
 Оны білер жауым да, ағайыным.
 Жүрегімде адалдық аңқылдаған
 Адалдығым болғаны-ау
 Бар айыбым.

Біреулер бар ар көрмес
 Жалғаныңды,
 Бала құсап білмеген алдануды.
 Жүрегіне қара шаң қонып алып,
 Ұнатпайтын ұялу, арлануды.

Таға бергін, жан досым,
 Жазаны мың,
 Әркім таныр өмірде өз әлібін.
 Керегі жоқ өмірдің тозаңының,
 Мен сүйемін жүректің тазалығын!




Мен біткен бір
 тұп-тура тасқа бұлақ,
 Бұлақ болсам су — мөлдір, аспаным — ақ.
 Аққан емен жасықтан жасқанып-ақ,
 Келседағы өшіріп тастағың-ақ.

Жаным — мөлдір,
 Мөлдірді ұнатамын,
 Арым таза, таза ғой мына тәнім.
 Тасқын атып жатқанда қуат, арын,
 Жолайтұғын жөні жоқ жырақаның.

Жарығы дүниенің
 Жанарымда,
 Мен боламын сусының қанарыңда.
 Шөліңді бас маған кеп адалыңда,
 Көрем деп ойлама тек табаныңда.

Өмір деген бір сәт қой,
 Қас-қағым-ақ,
 Ойлай берме, ей бейбақ, бас қамын-ақ.
 Шалшық болмай доңыздар аунайтұғын,
 Бітсең етті мен сынды
 Тасқа бұлақ!



Ей, адамдар!
 Болсын бұл сыр еткенім,
 Кешіре көр жүректің дір еткенін.
 Өмір барда лүпіл бар, әуен де бар.
 Өз әуенін шерттеді жүректегі үн.

Айқайлаймыз айғақтап
 Кең деп әлем,
 Кеңістікке ұмтылған мендегі әуен,
 Әуен созып талайлар көрер еді-ау,
 Қонбейді ғой ондайға кеуде, бәлем!

Қарамастан кейбіреу
 Кеудесіне,
 Ұмтылады өмірдің бермесіне.
 Ұмтылады адамды аттап өтіп,
 Жармасам деп жалғанның делбесіне.

Өмір қояр түбінде
 Ақыр бәрін,
 Тағдыр жазған таңдайға татығ дәмнің.
 Қарамайды қарбанып адасқанда,
 Ер бұтаға соғылған пақырларың.

Тиіп-қашып тұрткенге
 Неше өнерді,
 Шалғандарға демеймін есе берді.
 Ұмтылғанмен, ей, бейбақ, отқа түсіп,
 Ұмытпауың керек-ау пешененді.

Жақсылықты қашанда
 Арман көрем,
 Адалдықты адамдық ардан дәр ем.
 Ауылыңды алысқа ұзатпассың
 Жалап-жұқтап біреуден алғанменен.

Өсектегін, ғайбаттап
 Табалағын,
 Мен емеспін жаманға салар арып.
 Мен емеспін күні үшін басын қор ғып,
 Табанынан біреудің таба аларың!



Сұм жалған —
 Бірде құғын, бірде сүргін,
 Алады бұл өмірдің жүлдесін кім?
 Тірлігінде тырбаһып күн кешудің
 Аңдау қиын — жауың кім, шын досың
 кім?

Талай жол тайғақтарда
 Кесілді алдан,
 Жарығын жалп еткізіп өшірді арман.
 Жүректің сан лүпілі есіл қалған,
 Осы, екен тәбарігің,
 О, сұм жалған!

Біреуге біреу дос боп
 Есеппенен,
 Батпанын залымдықтың кесектеген.
 Ерің де ез боп шығып кесек деген
 Осы екен жер болғаны есек дәмең.

Сала алмай мойынымды
 Бір құрыққа-ай,
 Келмей жүр өмірімді сүргім ықтай.
 Азаматта ар қалмай қылдырықтай
 Қояба болатынын жүрмін ұқпай?

Сиқырсың ау, сиқырсың,
 Фәни — ғұмыр,
 Кімдерге бұл фәниде дариды нұр?
 Кейбіреудің қаңбақтай салмағы жоқ,
 Аузыңда — өсек, ғайбат, күбір-сыбыр.

Тарқатып бере алмаспын
 Осыңды бір,
 Ей, фәни, адалдыққа көшіңді бұр!
 Естілсін жүрегімде тосын дүбір,
 Бір сәтке құлақ салшы,
 О, сұм ғұмыр!



Ей, досым, айтам саған,
 Көңілдесім,
 Жүрегімді ұқпайсың менің несін?!
 Жүрегімді мұң шалып бара жатыр,
 Сырымды ашсам, ол бейбақ жеңілдесін.

Қарай алмай алдыма,
 Артыма анық,
 Жүрмін бе әлде жұқарып, жартыланып,
 Жүрмін бе әлде әліме қарамастан,
 Бар ауырын өмірдің артып алып.

Ғұмыр деген —
 Сұм жалған қайран, қайран,
 Ағарды ма шашым да қайғы ойлаудан.
 Адалдықтың отына найза ап кіріп,
 Жауынгермін жарадан жайрандалған.

Сен ұқсаңшы жанымды,
 Досым менің,
 Үмітімнің кейде бір кесілгенін,
 Соның болсын мерейді өсіргенің,
 Ағат жерім болса егер, кешіргемін!



Көңлім шертіп отыр
 Нала күйін,
 Көңлім бүгін менің ала-күйін.
 Қарасұмға қасқиған арлаң еді,
 Божырап бөлтіріктей барады нін.

Көңілдің қобыраған
 Күні, міне,
 Ауыр жүк артылғаны-ау нініме.
 Жүрегім шапқан аттаң дүрсілдейді
 Қосылмай қашағандаң үйіріне.

Тағдырдың атқан таңы
 Сый көрінер,
 Айтады көңілге шын түйгенін Ер.
 Ер емес,
 Ергежейлі пішінменен
 Артымда қыңсылайды шибөрілер.

Шіркінің қыңсыласа,
 Қыңсыласын,
 Ішіндегі іріңі тыншымасын.
 Қырандай қия құзға шыға алмаса,
 Тағдырындай оны енді
 Кім сынасын.

Біреу айтқан:
 «Сөз етіп, елеп соны, е,
 Бөлады сол байғұсты не деп еогө.
 Арлаңмен арбасатын күйі бар ма,
 Әйтеуір риза болсын өлекееге!».

Айтып та болмай екен,
 Соны ашыр-ай,
 Қыранның қаға алмайды-ау қанатын-ай.
 ...Адамда арман деген таусылар ма,
 Олдағы армандайды-ау ара-тұра-ай.

Өзімді кекеткенде
 Бөлтірік деп,
 Көңілдің күйбеңіне елтідік кеп.
 ...р...аннан ашнытпасаң армандысың,
 Шибөрі қыла алмасаң —
 Өлтіріп кет!



Көктем әні

Төкпеймін текке мұңды,
Өлеңім көкте өрлді.
Шырайлы шуағымен
Қарсы алдым көктемімді.

Сағындым көктемімді,
Сағындым көк белімді.
Мамырдың майса әні
Жайдары, исткен үнді!

Көктеммен бір гүлдегіп,
Аңсаулы құрбым менің!
Сағыныш жырын шертіп,
Жұтайық қырдың лебін.

Күнімді арай күлген,
Аңсадым талай күн мен.
Көктемнің келбетіне,
Құмартып қараймын мен.

Ұнайды дала сәні,
Шырайлы таң аса әрі.
Көктемім жайдары екен
Думанды, тамашалы!



Ару көктем, ару қыз

Ақын сырын
Жырымен ақтарады,
Көктем келсе жүрегі шаттанады.
Сәуір айда құстармен ілескендей
Туады екен арудың ақтамағы.

Жүрегімнен атойлап
Бүгін өлең,
Жүрегіме тек бүгін жүгінер ем...
Ару туды әлемді тамсандырып,
Көктемнің алқызыл гүліменен.

Жылдар ақсын,
Тоқтамай, алмай тыным,
Жасыл желек сыр төгіп, толғайтын үн.
Көктем ару, қыз ару... алма-кезек
Ақ гүл болып мәңгілік солмайтұғын.

Сұлуларға жарасып
Сән - қылығы,
Баурап алар жанымды таңғы нұры.
Жүрегіме шымшымдап сезім төгіп
Барады ғой сұлулық мәңгілігі.



Оқжестік

Күйініш көңілдерге тастаған от,
Қалыпты қанша батыр масқара ооп,
Садағын шір-шіл ақ тартқанымен
Басынан жалғыз шыңның аспаған оқ.

Біліпті сол аңыздың расын кім,
Япырай, сиқырын-ай, мына шыңның!
Жанарын жер қылғандай шын асылдың,
Келгендей мәртебесін бір асырғың,
Жебесін зуылдатып сол сынақта
Сөзбаған айбарлаңа құлашын кім?

Осы шың ықылым жыл құрдасы да,
Сол оймен көз саламын шың басына.
Басынан мәртебесін асырмаса
Ұқсапты қазағымның тұлғасына.

Сол жерде қадым ғасыр тіл қатқандай,
Келеді жібергің-ақ жырлап, толғай.
Қарасаң осы шыңның дәл үстіне
Басында тізе бүгіп піл жатқандай.

Ол өзі құмартқандай елтуіме,
Масайрап тұрғандай бір серпініне.
Бурабай толқынымен түбін шайып,
Төрінен орын берген сол піліне...



Бурабай

Құмартпасын Ай қалай
Нұры сүйіп су бетін.
Түнгі аспан аймалай
Судан тауып суретін.

Сыңғырындай шолпының
Күміс күлкі төгіліп.
Жарды ұрады толқыны
Сосын кейін шегініп.

Құмартпасын Күн нетіп,
Айдынына шомылып.
Мазалайды су бетін
Оқтың-оқтың жел үріп.

Сырға құлақ түреді
Қаумалаған қарағай.
Бурабайдың жүрегі
Сыр шертеді жағалай.

Зәру болсаң сен емге —
Жылы анық қабағы.
Сырқауыңды денеңнен
Сылып алып қалады!



Зеренді

Өтті жылдар,
Өтер де санталай күн,
Толқынында тербелген шалқалай Күн
Шежіресін уақытың бүгіп жатыр,
Бүгіп жатыр Зеренді шалқар айдын

Шомылдырып Ай, Күнді зереніне,
Батырады шыжым бір тереңіне
Ақ толқындар ойнаған айдынында
Көлден өзге керемет керегі не?!

Суға төніп көк жартас құламалы,
Көл бетінде көлкиді мұнар әлі.
Тереңге қармақ салған балықшылар
Ақ балықты іліп ап шығарады.

Шертегіндей құрағы балғын әнді,
Судың беті сағымды, сәл мұнарлы.
Сұлулығың керек пе — көлге келсең,
Тамаша екен, тамаша таңның алды!

Қараса көз жеткісіз аумағы бар,
Аумағын құлашын бір салған ұғар.
Жырлау үшін Зеренді сұлулығын
Жүрегімде шабыттың қармағы бар.

Қанатыма қырмызы өленді іле,
Оралып Есіліме келем, міне.
Қимастықпен артыма қарайлаймын,
Бір қымбаттым қалғандай Зерендіде.



Алатау

Алатауым, ақ басым,
Көңсөзім, абызым.
Көз сұғынан сақтасын,
Еттім саған тағызым.

Аспанменен таластың
Ақ бұлттарды өңгеріп.
Босағасын Алаштың
Тұрғандайсың сен көріп.

Сұлулығың ғажап тым
Көзді баурар не түрлі.
Көрінесің қазақтың
Шаңырағы секілді.

Мәңгілікке қалды атың,
Жетіп қанша ғасырдан.
Жас баладай Алматым
Мойыныңа асылған.

Айхай, қандай самғауың,
Асқақатаған хас биік.
Айналаға Талғарың
Айбар болған қасқып!



Қырдың құба тссінде,
Ойнақтайды қанша рең.
Беу, армысың, о, Шілде,
Ару жазым, ал сәлем!

Шілдем, неткен жәйсаң ең,
Әсем екен бүгін күн.
Жасыл кілем майсамен
Келіп кетті жүгіргім.

Колің сұлу, көрсен де,
Көк толқыны күліп ақ.
Балаларға ерсем бә?
Балағымды түріп ап?

Алқынып-ақ шығар леп,
Жасыл жазым, ұнсаң.
Құшағыңа құмар боп,
Көк майсаға құласам.

Аймалайды көкпен нұр,
Шуақ неткен нар едің!
Көк аспандай мөп мөлдір
Менің жыршыл әлемім.

Самал желпіп желегін,
Сыр айтады ақ қайың.
Жапырақтар өлеңін
Жүрегімде жаттайын...



Жұбаты

Көзіңде, достым, жас көрдім,
Жас деген — өксу, егілу.
Бала деген — бір қастерлің,
Қастерлің өлсе — көңіл у.

Қабырғалары ажырап,
Сөгіліп, адам сорлайды.
Аза деген сұм азырақ,
Адаммен солай ойнайды.

Уа, тоқта, бейбақ, аптықпа,
Бұзылған қажып тұр-өңі!
Уайым-қайғы шаттыққа
Өш болады ғой үнемі.

Күлер күнің болмас тым алыс,
Шаттық бір келер құрғырың.
Уайым-қайғы мен қуаныш,
Аңдып жүреді ғой бір-бірін.

Айтпайын ақыл көлгірсіп,
Десем де жасытпа жігерді.
Көзіңе тұнған мөлдір шық,
Мені де езіп жіберді.

Маған да кез боп бұл мұңың
Жанымды кеткен жіліктеп...
Жас отауымның түндігін,
Қара-қазан қайғы тіліп тек.

Отырсың, достым, күйіне-ай,
Қайғыдан қатты сескендің.
Өлім-жітімді дүние-ай,
Өзекті жанда не істер кім?!

Адамды сынап бейуақта,
Азаның ащы ойыны-ай...
Көз жасы көлдей бейбаққа
Көңіл айту да қиын, мойымай...



Аспаннан жауған ақ қарлар

Ассалаумағалайкүм, ақ қарлар,
Аспаннан жауған ақпарлар,
Ала таңдарға бас ніп,
Алақандарға тоқтаңдар.
Ала таңдарда келіндер,
Алақандарда еріндер.
Аспаннан тосар аңсаумен
Алқызыл гүл-гүл еріндер.

Жаманаттарға ермендер
Жақсыға ниеттенгендер.
Жауыздық жауса аспаннан,
Жеткізбей жерге жерлеңдер.
Көктемде ғана «Хош!» дермін,
Жыл сайын тосып, өстермін.
Көрсетпей сұрын өшкеннің,
Көрсеткей нұрын өскеннің.

Өмірде қыс бар, көктем бар,
Өмірге келген, кеткен бар.
Кзрінбей қалсам көзіңе
Бәйітме менің тоқтаңдар,
Бәйітінді айтыш басыма
Ақ бораныңмен жоқтаңдар,
Айғағы болсын ақ таңдар,
Аспаннан жауған ақ қарлар!



Танымаған екенсің...

Көрінерміз жай жүріп кімге көсем
Көсем болмау бойыма мін демес ем.
Біреулер бар сонда да мін тағаты
Тілдемесең, біреуді күндемесең.

Кетті демей жасыққа мүлдем есем
Көрсендағы, болмайды үндемесең.
Танымаған секілді күнде көріп,
«Әділдігің жоқ!» деді бір жеңешем.

Адам білмес жасырын сырым қайда,
Жеңешем-ау, жүргенсің бұрын қайда?
Тура сөйлеп тастайтын мінезім бар,
Адам әсте тұрмайды-ау бір ыңғайда.

«Озбырлығы жоқ!» деді, ал ағамыз,
Айтқан сөзден осындай қалады аңыз.
Анамыздан туғаннан озгермедік,
Орта жолда қалайша жаңарамыз?

Озбыр болу жарасар емес қылық,
«Әділдік жоқ!», япыр-ау, нені естідік?!
Бірің мақтап отырсың, бірің даттап,
Кетейін бе сендерді егестіріп?!

Таға берші, әйтеуір, атыма кір,
Жүрмейді ғой жүрекке ақыры әмір.
Озбыр болсам опықты өзім жеймін,
Ал қалайша болмайды ақын әділ?

Егер бізді адам деп елесеңіз,
Озбырлықпен күні-түн егесеміз.
Әділдікті әңгіме еткенің не
Әділдікті білмейтін, жеңешеміз?

Өзінде жоқты өзгеден іздейді адам,
Сыйласқанға сызданбай Сіз дәй де алам.
Ойнасаң да, жеңеше, ойланып айт,
Әділ болып жарытпас Сіздей де адам.

Қисық сөздің көңілге салмақ бәрі,
Салмақ түссе — жаралы жан қапталы
Әділдік тілер болсаң шамшырақ бол,
Қазығын әділдіктің орнаттағы.

...Бағам болмай әлдебір кемір ме еншім,
Шыға алмасам не істермін көңілден шын?
Адам болып жүрейін жер бетінде
Шын бағамды түбінде өмір берсін!

Ғалияға

Мен қандаймын? —
Оны, жаным, сені білдің,
Білгеніңе жүрегімді сендірдім,
Шабыт келсе, долы дауыл,
Мен-дүрмін,
Мөлдірлердің мөлдірінен
Мөлдірмін,
Нәзік қана, қанат жайған
Мен—гүлмін.

Кейде бойым арылмайды
Күйіктен,
Өзгелерге көз салғанда биіктен.
Көздің жасын боламын да іткен
Жүргенімде бір қауызға сыйып мен.

Мен сезімнің адамымын,
Шын—әнім,
Қуанғанда өрге шыққан шанарым.
Жақсы көрсем басылмайды құмарым,
Оңай менің бір-ақ сәтте құлауым.
Мен желмін ғой, өксіп-өксіп соғатын,
Өксіп соғып, әлем, бітем, тынамын.

Жақсыларды сүйдім,
Сүйем мен ессіз,
Пасықтарға болсамдағы керексіз,
Бірде сау да бірде сырқат жүрегім,
Мен өйткені жүре алмаймын елеусіз.

Кім боламын демеймін ғой
Мен ертең,
(Бұл сырымды білесің ғой, сен еркем).
Жалтақ сөйлеп, жалбаңдаған жерім жоқ,
Ондай болсам көрінбесін көлеңкем!

Мен—аңғалмын,
Жоқ қой менде көп тозім,
Сабыр болып, салқын тартқан жоқ кезім.
Дүниеде қауіп барын білмейтін
Баладайын түсіп кетем отқа өзім.


Сол шынымды білесің ғой
Міне, сен,
Өзгермеймін,
Сөксендағы, мінесен.
Мен құласам пәк көңілмен құлармын
Ту жығылып, кетседағы бір есем.

Торыққанда саған келіп
Сүйендім,
Мені өмірде нақ өзіңдей сүйер кім?!
Жауыз емен,
Жаным жылы жақсыға
Мен—пасықтың көзіндегі сүйелмін.

Мен жырымды жазғам,
Әлі жазамын,
Жырым менің—бақытым мен базарым,
Бұл өмірдің кешер тозақ, азабын...
Соның бәрін білесің сен,
Ғазалім!

Сен білесің,
Жалғыз ғана сен—емім,
Таянышым, сүйенішім, сенерім.
Жазғырма тек дауыл болған кезімді,
Дауыл болмай жазылмайды өлеңім.

Сен сенесің
Маған ешкім сенбесе,
Сен—дәрусің,
Егер мені емдесе.
Мен—тікенек, мен—нәзік гүл,
Мен—желмін,
Мені сую оңай емес
Ендеше!



Таудағы тұман

Күн бүгін өңін өзгерте
Қалыпты, жап-жасыл тау бірақ.
Бейнебір жапқандай бөзкөрпе
Келеді тұман салбырап.

Өзінді таптап кетерін
Білсең де тұрсың жасқанбай.
Қарағай, қайыңның етегін
Сұп-сұр бірдеңе басқандай.

Бір досым бұл күнді мінейді,
Әсері осы алғашқы.
Тұманның кейпі үрейлі
Әлдебір басқандай албасты.

Самдағай қарағай жап-жасыл,
Созсаң да жетер ме сан құлаш?
Күзетте тұрған бір сан ғасыр
Сақшыдай селт етпес, қалғымас.

Айнала көктерек, жағалай,
Тоңдырған қазанның сұр күні.
Мұңайып қалыпты баладай
Сезіліп қалған бір ұрлығы.

Сұр аспан керемет ніпті,
Нөсері тынбастан себелер.
Тұманнан тақия киіпті
Тұлғасы төменшік төбелер.

Бөгелмей біз төмен жылыстық,
Ұрынбай нөсерлі жауынға.
Арманы болып бір күн ыстық
Қажыған сияқты тауың да...



Күз пақыштары

Уақытта бар білем жорға екпін,
Желек жоқ көркін түзде ашқан.
Қара нөсерді селдеткің,
Келгендей тұнжырсың, күзгі
аспан!

Уақытта жорға екпін бар білем,
Жылыстап күндер — өтті өмір.
Айырылып жазғы әрінен,
Өзгеріп енді кетті өңір.

Ұзатып құстарды жай ғана,
Сағыныш жүрсін мазалай.
Сары рең болып айнала,
Келсінші тағы да Қазан-ай.

Аңғармай қоймаймыз сіз мүлде,
Уақытта бары рас жорға екпін.
Зымырап, конбейсің тізгінге,
Ендеше, Жаңа күн, төрлеткің!



ҮШІНШІ БӨЛІМ

Бір тарих бар жүректе сызы қалған,
Алдаспаны асылды үзіп алған.
Айналайын уақыттың ақтығынан,
Айналайын артында ізі бардан!

Зымырай

Шоқан Уәлихановқа

Жарқ етіп сөнген самалам,
Сарғайған ерте өртеңім!
Амашым ардақ санаған
Тұлғасы таудай мәрт ерім!

Отыз жыл атып таңдарың,
Сөнсе де күнің ертемен,
Заманнан озған саңлағым,
Заңғардан биік мәртебем.

Ақның асыл дедім де,
Жо-дары жырдың өрілген.
Жасулы қазақ көгінде
Жарық Ай болып көрінген.

Ақтангер таппан бір сендей,
Деген бір жалғыз жанады ой.
Бойыңда лаулап нұр сөнбей,
Білімнің кені, данагөй.

Түнектің тоңын аршымақ,
Ниетің неткен өр ерлік!
Халқыңа болған шамшырақ,
Өзің ғой түнсіз тереңдік.

Халқым деп жүрек тынысың,
Соғумен атқан әр таңың.
Заманның жамал нұрысың,
Шапағат шашқан жұлдарым.

Байлыққа мойын бұрғызбай,
Біліммен болған ұлы адам.
Ағып бір өткен жұлдыздай
Ғасырдан озған ғұламам.

Ғұмырың сонша аз-ақ тым,
Сонда да өшпес ғасырың.
Ардағы болған қазақтың
Айналдым сенен, Асылым!

Қанжығалы Бөгенбай батыр

Алатаудай Ақшадан
Асып тудың, Бөгенбай!
Болмашыдай анадан
Болат тудың, Бөгенбай!
Үмбетей жырау.

Атың неткен айбарлы Бөген деген,
Қолбасылық өнерде кемеңгер ең.
Талай бастар домалап жеңем деген
Арқылдаған қылышың не көрмеген.


Талай батыр жүретін айбары асып,
Сен шыққанда кетуші ед қайда қашың?!
Қалмақтың бас батыры Шона-Доба
Қан жұтқан өзіңменен найзаласың.

Майданды өткізгенде сан — ұдайды,
Сенде жаудың оғы дарымайды.
Бағына қазағымның хан көтеріп,
Срадың ақ киізге Абылайды.

Ел-жұртың қантөгісте сан жылады,
Арзы аллаға айтқан арзымады.
Халқына қалқан болған ұл туғызған
Атыңнан айналайын, Қанжығалы!

Қалмақты күнде қырып, «Қалдамандай!»,
Болып ең, батыр бабам, елге маңдай.
Сйраттар ордасына ойран салған
Асылы қазағымның, ер Бөгенбай!

Сен барда көздің жасы қалған ұмыт,
Жүректе туламапты-ау жалған үміт.
Бағына қазағымның туыпсың ғой
Алладан тілегенде жалбарынып.



Тарақты Байғозы батыр

Қаракерей Қабанбай — о да менің жиенім,
Қанжығалы Бегенбай — о да менің

жиенім,

Қу дауысты Құттыбай — о да менің
жиенім,

Қаз дауысты Қазыбек — о да менің жиенім.

Шұбыртпалы Ағыбай — о да менің
жиенім,

Тарақты Тұяқ шешен.

Алдырып қас жауына сүйем жерін,
Арғынан таба алмаған сүйенерін.
Бір батыр ер кіндікті бұйырмады-ау,
Тарақты пана көріп жиендерін.

Жөні бар жүрегінің мұздауына,
Күштінің көне берген ызбарына.
Бір батыр Байғозыдай тумайынша
Үмітін артады екен қыздарына.

Біткенде мықтыменен тіресіп әл,
Жиенмен мақтаныпты бір есі бар.
Қазақта осыншама батыр туса —
Тарақты қыздарының үлесі бар.

Енді бір аты шығар сай кезі кеп,
Жанығар жауды көрсе «Қайда өзі?!» деп.
Бағына Тарақтының туған екен,
Жауына жалғыз салар Байғозы боп.

Қанша жыл көзге түспей амалдады,
Бір елдің бір батырмен жанар бағы.
Байғозы батыр үшін Тарақтыға
Тігетін болыпты енді ақ орданы.

Осылай бір-ақ күнде қоңылар бақ,
Басқалар Тарақтының қолын алмақ.
Секкеніп Байғозыдан басқа жұрттың
Отырар Тұяқтарға төрін арнап.

Шындыққа құлағың сал, тыңда, тыңда,
Осы сыр өткен күннен тіл қатуда.
Мерейін жалғыз жұрттың өсіруге
Шірік-ай, жетеді екен бір батыр да!

Вәсеппийи Малайсары батыр

Сынды ғой қазағымның талай сағы,
Тарихты ұмытармыз қалайша әрі.
Үңгірдің жолын бөгеп Лабаз — та,
Жатыпты арыстан ер Малайсары.

Домалап кеткенімен өрге тасы,
Батыр да, хан да емес арғы атасы.
Қылыштының қайратты өр, жотасы,
Қазақтың ерлігінің нар — ботасы!

Жігітке жігер беріп, сынаған бақ,
Қиынның қандайына шыдап алмақ.
Малайсары атына мінгенінде
Шегініп кетеді екен құба-қалмақ!

Өзгедей шықпаса да атағы әлі,
Ойраттар осы жерде маталады.
Лабаздың қанды қырғын болған жері
«Малайсары жотасы» аталады.

Тарихтың еніп кетіп елесіне,
Сөзімді арнап едім келесіге.
Жотаны берсе — қазақ біліп берген
Көтеріп таудай қылып төбесіне!



Сап өшіп әнің,
Сызылмай бір сәт күй тыңғыр
Саз төгіп бүгін сары алтын өлең құйқылжыр.
Жаньма менің қос қанат біткен сияқты,
Жүректі баурап барады шіркін сиқыр-жыр.

Лекіп бір сезім,
Секілді төккен ақ жаңбыр,
Даланы мынау барады тербеп Мағжан-жыр.
Тұлпарлар өткен,
Шаңытып кеткен жолы жоқ,
Құлақта жалғыз дәрменсіз дүбір қалған бір.

Жо, жо, жоқ мүлде,
Дәрмені күшті, неге әлсіз?
Мағжандан тұлпар қазаққа қайдан табарсыз?!
Арсыз адамдар жаныңа біткен жара боп,
Мағжансыз өткен күндерді ғана санарсыз.

Айдарынан оның
Туа бітті күн жыр ескен,
Алаулы жырын алқындырғанда ғана үні өшкен.
Өлсермен болмай, өлеңге ғана ілескен,
Айырылсадағы лайықты құрмет, үлестен.

Сүйінші сұрап болмайды
Бүгін құроаннан,
Мағжансыз күндер адыра болған, құр қалған.
Қазаққа енді екінші мағжан бітпеген,
Маңдайына оның біткен соң дара, бір Мағжан.

«Сасықкөл» толқып,
Сары дала салып бағзы әнің,
Сағына берген баяғы бала — Мағжанын.
Абайға тәліп, Абай деп сеніп, жазғаным,
Көрдің бе саған ғұмырдың келге жазғанын!

Сезім мен секем
Бұлты да сол кез аралас,
Өткен жылдардың болғаны-ау енді бәрі оғаш.
Бесік-өлкеңнің белесі, белі сені аңсап,
«Мағжан, Мағжандап!» шулайды бүгін әр ағаш.

Туған сәтіңнен
Тамыры тектес ғашық бел,
Аңсаумен сені аңырап көңілін жасытты ел.
Елу жыл бойы егіліп, өксіп, өкпе айтып,
Көз жасын сығыш жылаған екен «Сасықкөл».

Жылады ма екен,
Зарланды ма екен қайғыра,

Теңірден тілеп, жалбарына қолын жайды ма,
Ата-анаң өксіп, көзінен нұрын тайдыра —
Қабірің болды қай орың менен қай жыра?!

Ойласам мұны
Қуақыл тартып реңім,
Түнеріп бұлттай,
Жеріге жем боп жүремін.
Асыл Мағжаным қазақы жырдың жүрегі ед,
Қазақы жырдың бояды ау қанға жүрегін.

Елу жыл бойы
Тастаған буып, бұқтырып,
Арда ақыныма жасаған сондай «мықтылық».
Уа, Мағжан бабам, көзінде бүгін шық тұнып,
Қуаныштан жылап, бас иген қазақ тік тұрып!

Қауыштық енді
Көңілдің басып іңкәрін.
Жырыңды қайта, әніңді қайта шырқадым.
Сағынып қапты Сарыарқа-дала тұлпарын,
Сел қылып жырын сабылтқан үстін қырқаның.

Есілдің бойы ен тоғай бүгін,
Ау, бабам!
Көк теңізімде көбікті толқын аунаған.
Қырмызы қырға қызғалдақ қаулап кетеді,
Қыз мүсін сенің жырыңнан ешбір аумаған.

Арулап қояр бұйырмаса сол
Жақсы өлім,
Айыбың емес адалмен өлген нақ сенің.
Мәңгілік тұлғаң туындай жырдың желбіреп
Өзің келдің ғой толастамайтын, Ақ сәлім!



Мағжан алауы

Бір тарих бар,
Жүректе сызы қалған,
Алдаспаны асылды үзіп алған.
Айналайын уақыттың ақтығынан,
Айналайын артында ізі бардан.

Оқасы жоқ
«Ақиқат — кеш!» дегені,
«Кеш!» дегендер ұтпаған ештеңені.
Қуаңышпен бір күнде қауыштырған
Қандай бақыт асылдың өшпегені.

Алашты үшін
Айналып жазалыға,
Көмілгенде тарихтың тозаңына.
Жұмағы емес, шыдаған тозаңына
Оралғаны бақыт қой қазағына.

Өтеу беріп тартылған
Сыйға балдай,
Маржандарды оңбаспыз жинап алмай.
Алашына ол жанын садаға етсе —
Не болыпты бір алаң қимағандай!

Жарасады-ау бұл алаң
Ұлы адамға,
Енді Мағжан бейнесі тұрады онда.
Жүрегінде толқындап ақық өлең
Дана Мағжан жүргендей бұл алаңда

Көне тарих,
Шаң басқан ізіңменен
Әділеттің сарыны үзілмеген.
Ұлы Мағжан оралды Алашына
Жаңғырумен жүрегі, жүзінде өлең.

Қазақ асыл —
Мағжандай данасымен,
Мағжан асыл — аяулы Алашымен.
Ғасырларға мәңгілік аты қалар
Армандаған Алаштың баласымен.

Көтергендей
Бір көне ғасыр иық,
Бөгеледі талай жан басына ұйып.
Ұлы Мағжан аруағы мысын басып,
Тізе бүгер алдында басын иіп.

Жүрегімде бір алау
Лапылдады,
Қуаңыштан тұрғандай атылғалы.
Қызылжарда алаң бар,
Алаш ұлы,
Аялаған Мағжанның атындағы!

Абыройы алаштың

Сафуан Шаймерденовке

Жырдан мен,
Мүсін қалап көрейінші
Мүсіндеуге лайық, аға, тұлғаң кең.
Қызылжардың Азаматы болдыңыз
Алматыда — астанада
Тұрғанмен.

Сізге мәңгі көрмесін деп
Таусылып,
Нар таонғат жасамапты таршылық.
Сіз емссіз өспей қалар тал шыбық,
Сіз — ақ қамың көкке қалған шаншылық.

Асқар тұлғаң аңқылдаған
Ақ перен,
Манарыңнан жылылық пен от көрсең.
Тілі жетіп жан баласы сөкпеген,
Жүрегіңде тулайтындай отты өлең.

Қаламыңнан тамған жырдың
Маржаны,
Жазғаныңның жоқ ау, аға, арзаны.
Тап өзінің бауырындай көреді
Қызылжардың әр адамы, әр жаны.

Жаның жылу — нектемес
Сені ызғар,
Біз құмармыз әр сөзіңе, лебізге әр.
Туған жер ме — бүкіл Алаш бауырға ам.
Жатса Сізді таласатын неміз бар?!

Жырдың құсын самғатып-ақ
Жібердім,
Сізге інілік ілтипатты тілермін.
Оты сөніп қалғанында жігердің,
Абыройы болған ағам, бір елдің.

Соны мақтан, соны мерей
Қылғамыз,
Сізге сын ғой, сұлу өлең, жыр нағыз.
Исі Алаш баласына баласа.
Лайық, аға, оған Сіздің тұлғаңыз.

Әз ұлына айшуақты,
Арайлы,
Исі Алаш, аға, озіңді балайды.
Мен естимін соның үшін Алматы
Қызылжарға қызғанышпен қарайды.

Жақсыға — дос,
Жамандыққа — ызғарсың,
Азаматтан нақ өзіңдей із қалсын.
Әмсе Алаш еске әман бізді алсын,
Әмсе Алаш әман Сізді қызғансын.

Айыз қанып,
Кеңіп сонда арқамыз,
Мақтаньшқа толып кетер ортамыз.
Біз қиналсақ Сізге үміт артамыз,
Алашымның абыройы, мәрт абыз!



Алып тұлға

Бейне бір тұрған заңғар шыңда тұлға,
Бір халықтың мерейі — сымбатында.
Ақтарып дана-дария, кемел ойын,
Жаратылған сан ғасыр үн қатуға.

Алтын зердей өрнектеп алып ойып,
Бір халықтың асырған абыройын.
Қазақ қандай деп сұрар адам болса,
Қаснетін Мұхтардан таны дейін.

Даласындай мол мұра тұлғалады,
Елі сүйін ардаққа шын балады.
Абай жыры аралап бар әлемді.
Тоғжан әні тамсана тыңдалады.

Қазақ қандай бақытты, ұлы — Мұхтар,
Мұхтарында тоғысқан ұлылықтар.
Абай мен Мұхтар егіз деген ойды
Кеткендей бүгін әлем ұғынып бар.

Замандарға нұр шашар жарқылдауы,
Білімнің таусылмайтын алтын нәрі.
Даналықтың өзі ғой асқақтаған,
Аспаннан биік тұрған тау - тұлғалы.

Тәнті боп бас нелік, таңқалалық,
Мұхтар деген мәңгілік заңғар алып.
Бейне бір сомдап соққан тау шыңындай
Ішінен ұлылардың таңдап алып.

Өлген жоқ, өзі жайлы қалып аңыз,
Дана боп, ұлылық боп жаны нағыз.
Ғасырлар келген сайын бар әлемге,
Мұхтар туған ел болып таныламыз.

Заңғар

Балаған елі шыңға да ең,
Асқардың өзі-ау, шын, Ғабең.
Дарағай, дана тұлғамен,
Асқақтап, асып туған ең.
Алаштың заңғар ұлына
Басын бір иген күллі әлем.

Асқақтар дара аспаным,
Сарқылмас дана дастаным.
Шаңқ етер шыңнан асқақ үн,
Тәбәрік етер қас тәлім,
Аңсатып елді асына
Алаштың басын қосқаным.

Ақ тілек айтып сом далаң,
Ақтұйғын қанат қомдаған.
Әлемнен озған шоң бабам,
Әйгілі пырақ-жорғадан.
Қазақтың жасы, кәрісі
Жүректен лүпіл жолдаған.

Тұлпардай баптап тұмарлап,
Балаған дара шынарға-ақ.
Таңдап бір қонған шығар бақ,
Атағы кетіп шығандап,
Бас иіп Алаш жатқанда
Орнында жатып бір аунап.

Әрлеумен ғасыр әжімін,
Ғұмырдың отер жазы мың.
Дйғақтап ұрпақ тәжімін,
Әлпештер қазақ өз ұлын.
Ғабеңнен тауып қашанда
Қазақы сөздің қазығын.

Өтсе де талай таңдарың,
Сағынар қазақ саңлағын.
Піріне балап аруағын,
Пайымдар қыран самғауын.
Алаштың бесік, құндағы
Құрметгер болар ардағын.



Өлмейтін адам

Нар тұлғасы кең-байтақ даласындай,
Сауырмал жан — атаң я нағашыңдай.
Ыр қары о.ыр күлмеден, жұрты жылы,
Өгенсімен, жатсынбай, баласынбай.

Жанарында ойнаған нәрлі күлкі;
Қарғ болса да емес ол сәл үгіткі.
Алшал төспі, кең нық, баптақ мүсін,
Ал дауысы — жарықшақ, қарлығыңқы.

Қарап тұрды өзіне тынбай халық,
Ем көзі оарады нұрдай жанып.
Адам емес, әлгі адам осы жерде
Көз алдымда кеткендей шыңға айналып.

Ұлы Сәбит болды бұл, ұғынғаным,
Тал бойынан таппадым, шынында, мін.
«Бар қазақтың ардақты баласы ғой,
Бар қазақтың... Сәбең» деп сыбырладым.

Осы екен-ау, шіркін-ау, Сәбең деген,
Құлақ тұрып, барша жұрт елеңдеген.
Тұрсың міне, қасқайып, таудай болып —
Ұлылығын қазақтың сенен көрем.

Осы екен ау, шіркін-ау, шалқар нұрым,
Қандай адам өзіңе артар мінін?!
Сәбеңді көр дер едім мен баршаға
Білгің келсе қазақтың дарқандығын.

Естіп тұрмын мен бүгін тамаша үнін,
Қарашы, көрші мына жарасымын.
Сәбеңді көр дер едім мен баршаға,
Білгің келсе қазақтың жанашырын.

Тіледім мен — Сәбеңдей болсын ұлың,
Есеп қылар жан емес ол шығынын.
Сәбеңді көр дер едім мен баршаға
Білгің келсе қазақтың молшылығын

Артықсынбай нөпірді үймелеген,
«Жүр көнекей, қонақ бол үйде!» деген.
Адам көрсе көшеде жаны сүйген
Қолтықтап ап үйіне сүйрелеген.

Дақпырт үшін жасамай ол ондайды,
Барша жанға жаны ашып, алаңдайды.
Дәл осыған келгенде ешбір қазақ,
Дәл Сәбеңдей ешқашан бола алмайды.

Осы жерде жарық қып айналаны,
Жақын көріп, іш тартып, айналады.
Бір сәбгіді алдына отырғызып,
Бір кемирді құшақтап, аймалады.

Қарамады маңайға, шуға мына,
Ақтарады қызықты сырды ағыла.
Болса да бар қазақтың мақтаншы
Мен қуандым нақ бізде туғанына.

Неткен нұрлы, шырайлы, ғажап өңі,
Сәбит демей, «Сәбе!» деп қазақ оны,
Аялап алақанға салғанында
Жеңбейтіндей көріп ем ажал оны..

Бәрі сүйіп, бәрі де ұнатуда,
Жеңілмейді еш неден мына тұлға!
Тау сияқты, ғұмыры аласармас,
Болмайды оны жығуға, құлатуға!

Жылы жүзді, нұр-дидар, қарыс маңдай,
Асқар тұлға, алып күш арыстандай.
Еш қиындық маңына жолай алмай,
Қарайтындай Сәбеңе алыстан жай.

Қыран-қанат талмастан ұшады да,
Көнбейді ол ажалдың тұсауына!
Бар тұлғамен, тау соғар мүсінімен
Еніп кетер халқының құшағына.

Бұрын сүріп қойғандай бір ғасырды,
Замананың үнімен сырласулы.
Отыр Сәбең — ғұлама, дана адам,
Тау шыңынан соғылған тұлға сынды

Көзімді алмай мен сонда келбетінен,
Көкейімде осы ойды теректіп ем...
«Сен олмейсің, о, Сәбе, мәңгілікке,
Соңғы қазақ жойылмай Жер бетінен!».



МАЗМҰНЫ

Оқырманға 3

БІРІНШІ БӨЛІМ

Ауылым— Амангелдім	5
Қарлығаш— мекен	7
Туыстарға	8
Отынағаш	9
Жан нұры	10
Әкімжан ауылы	11
Сыңарлық сыры	12
Тау агалар	13
Ауылымның қарттары	14
Ауылға хат	15

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Ана	17
Көйлегіңді сағындым	18
Анашым	20
Сауырым	22
Өсемге	24
Мамыр— гүл	25
Сағыныш	26
Өкелердің өні	27
Ана мен сәби	29
Желге, жерге тапсырдым	31
Ажал ай	33
Шыңдағы шынар	35
Қанды дастан	37
Керзі етіктер	39
Аруларым-ай, абыройларым-ай!	40
Наурыз	41
Суатқолде	43
Қазақ тілі	44
Көктем	45
Жапырақ— өмір	46
Күй	46
Әз-аналар	47
Махаббатың баласы	48
Армысың, жаңа күн!	50
Баяғының шалдары	51
Бозаң далам, алаңмын!	52
Ақ жаңбырлар	53
Шақырымдар	54
Аралды айтпа	55
Ар мен алаша	56
Абай мен Құнанбай	58
Адам мен хайуан	59
Бәйге	60
Тағдыр	61

Уақытпен сырласу	62
Жер—мекенім	63
Адамзаттың ардағы	64
Аңсау	65
Таңсәрім	66
Досқа наз	67
Жеңешелер	68
Откен күндер	69
Жусан—ғұмыр	70
Жалғыз бұлақ	71
«Мынау өзі адам ба, Албасты ма?»	72
Қара күшік	73
Өмір	75
Доссыз адам	76
Қос қияр	77
«Мен өмірді ұқпадым, өмір мені»	78
«Көңілімді кезіп жүр бұла сағым»	79
«Менің жаным дәл бүгін ызбаралы»	80
«Гіреудің адал дәмін татып тұрып»	81
«Ғұл адамдар сатылған, сатып алар»	82
Сыр	83
Сауынамын, бала күн!	84
«Айтайыншы өзіңе, Досым өкпе»	85
«Мен біткен бір тұп-тура тасқа бұлақ»	86
«Ей, адамдар, Болсын бұл сыр еткенім»	87
«Сұм жаған— Бірде қуғын, бірде сүргін»	88
«Ей, досым, айтам саған, Көңілдесім»	89
«Көңілім шертіп отыр Нача күйін»	90
Көктем әні	91
Ару көктем, ару қыз	92
Оқжетпес	93
Бурабай	94
Зеренді	95
Алатау	96
«Қырдың құба тосінде»	97
Жұбату	98
Аспаннан жауған ақ қарлар	99
Танымаған екенсің...	100
Ғалияға	101
Таудағы тұман	103
Күз нақшытары	104

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Зымыран	106
Қанжығалы Бөгенбай батыр	107
Тарақты Байғозы батыр	108
Бәсентиін Малайсары батыр	109

Ақ селім
Мағжан алаңы
Абыройы алаштың
Алып тұлға
Заңғар
Өлмейтін адам

Зейнолла Рамазанович АКИМЖАНОВ.

«ЗЕМЛЯ ОБЕТОВАННАЯ».

Стихи, 121 стр. 15 т 00 і

Редактор М. С. ТУРАЛИН.